



Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлжуметтік - экономикалық газет

№25 (10 331)

3 шілде

жұма

2026 жыл

aksuoniri@mail.ru

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Мемлекетіміздің дамуындағы өте күрделі және шешуші кезеңде жұмыс істедіңіздер. Баршаңыз ел өмірінде болып жатқан ауқымды өзгерістердің бастауында тұрдыңыздар. Қаншалықты қиын болса да, түбегейлі өзгерістерді жүзеге асыру жолында табанды еңбек еттіңіздер. Сын сағатта жауапкершіліктен жалтармай, мемлекетіміз үшін аса қажетті реформаларды жүргізуге ұйытқы болдыңыздар.

Тек кейінгі үш жылдың өзінде 300-ден астам өте маңызды заң қабылданды. Олардың қатарында еліміздің алдағы биік белестерінің сенімді арқауы болатын, тарихи мәні зор конституциялық заңдар мен кодекстер бар. Біз біртұтас ұлт болып мемлекетімізді түбегейлі жаңғырту ісін қолға алдық. Экономикадан бастап қоғамдық құндылықтар жүйесіне дейін – ел өмірінің барлық саласында ауқымды өзгерістер жасалды. Әрине, дәуірлік ауқымдағы мұндай реформалардың бел ортасында жүру – зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік.

Осы тұрғыдан алғанда, сіздер өздеріңізге жүктелген міндетті абыроймен атқарып шықтыңыздар. Әділетті әрі Қуатты Қазақстанды құру үшін қажырлы еңбек еттіңіздер. Сіздердің табанды, мардымды еңбектеріңіз еліміздің жылнамасында қалатынына күмән болмауы керек. Дегенмен уақыт бір орында тұрмайды, зымырап өтіп жатыр. Көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатқан қазіргі кезеңде шын мәнінде жаңашыл әрі батыл қадамдар жасалуға тиіс. Осы өзекті мәселені мен бұрын да бірнеше рет айтқам. Бұл – заман талабы.

Халықаралық ахуал уақыт өткен сайын күрделеніп, құбылып, тұрақсыздық белең алғанын көріп, біліп отырсыздар. Бұл жағдай жаһандық экономикаға орасан зардабын тигізіп жатыр. Халықаралық валюта қоры мен Біріккен Ұлттар Ұйымының құзырлы агенттіктерінің болжамы бойынша алдағы екі жылда әлем қауымдастығы, соның ішінде жекелеген мемлекеттер экономикалық жо-спарларын тап бөлуі кезінде едәуір қиындыққа тап болуы мүмкін.

Бірақ еңсені түсіріп, үрейге бой алдыруға болмайды. Үкімет елдің орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін барынша белсенді және ширақ жұмыс істеуге тиіс. Инфляцияны төжеп, оны мейлінше төмен деңгейге жеткізген жөн, сондай-ақ, экономиканың қарқынын төмендетпей, керісінше, оның көрсеткіштерін ұлғайту қажет.

Бәріңізге белгілі, ертең мемлекеттік басқару жүйесін түбегейлі жаңғырту жұмысы ресми түрде бастау алады. Мұны кезекті әкімшілік реформа деп түсінуге болмайды. Себебі, бұл – еліміз үшін мүлде жаңа тарихи кезең басталады, яғни мақсаты да, мағынасы да мүлде бөлек, бұрын-соңды болмаған өзгерістер іске асады деген сөз. Басқаша айтсақ, біз қазақ мемлекеттігінің «ғимаратына» күрделі жөндеу жүргізуді көздеп отырмыз.

Біз ел Тәуелсіздігінің мызғымас тұғыры мен іргетасын көздің қарашығындай сақтап, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіре түсуге міндеттіміз. Бұл – аса маңызды міндет. Оған мемлекеттік қызметте, академиялық институтта, ғылыми және саяси зерттеулер орталықтарында, үкіметтік емес секторда, халықаралық ұйымдарда қызмет ететін, осы іске қатысы бар азаматтардың барлығы ат-салысуы қажет.

Бытырғы Жолдауымда Қазақстанды үш жылдың ішінде дамуында цифрлық мемлекетке айналдыру жөнінде міндет қойғанымды білесіздер. Еліміздің келешегі осы мақсатты қалай іске асыратынымызға байланысты. Біз Қазақстанның Тәуелсіздігі мен Егемендігін сенімді түрде қорғау мәселесін өлі түбегейлі шешкен жоқпыз. Мұны ешқашан естен шығармайық. «Жау жоқ деме жар астында» деген тәмсілді ерқашан қаперде ұстаған жөн. Біздің басты мұратымыз – халықтың әл-ауқатын арттырып, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың тұрмыс сапасын жақсарту. Бұл көрсеткіштерді ұдайы көтеріп, осы үрдісті үздіксіз жалғастыра беруіміз қажет.

Сондықтан биздің мұндай кезде қол қусырып отыруға құқымыз жоқ. Алдымызда тұрған аса ауқымды әрі күрделі міндеттерді

табысты жүзеге асыру үшін табанды, нәтижелі еңбек етуіміз керек.

Осы тұста бірлесіп атқарған жұмысты қорытындылап, алдағы даму жоспарымызды айқындап алу қажет деп санаймын.

БІРІНШІ. Мемлекеттік биліктің жаңа құрылымын қалыптастыру.

Өлгінде айтып өткенімдей, осы шақырылымдағы Парламент депутаттары заң шығару ісінде сапалы жұмыс атқаруымен есте қалады. Депутаттар корпусы өз қызметінде бұрын-соңды болмаған нәтиже көрсетті. Сіздер Әділетті Қазақстанның негізін қалау үдерісіне, сондай-ақ, Конституцияны әзірлеп, қабылдауға зор үлес қостыңыздар. Кез-келген депутат саясаткерлер мен қоғам қайраткерлерінің келесі буынына, балалары мен немерелеріне: «Мен 2026 жылы қабылданған Конституцияны дайындауға тікелей қатысқанмын» деп еш ұялмай айта алады.

Жалпы, депутаттық корпус парламенттік реформаны толық қолдады. Сол арқылы саяси және азаматтық жауапкершілік танытып, ұлт мүддесі бәрінен биік тұратынын бүкіл әлемге паш етті. Осында отырған біраз депутат Конституциялық комиссия құрамында болды. Сіздер азаматтармен кездесіп, мемлекетіміздің тұрпатын өзгертетін, экономикалық әлеуетін күшейтетін реформалардың мән - маңызын жұртшылыққа жан-жақты түсіндіріп бердіңіздер.

Сіздер жалпыхалықтық референдумда Ата Заңымыз қабылданған соң мемлекетіміздің құқықтық жүйесін жедел әрі сапалы жаңарту жұмысын жүргіздіңіздер. Өте қысқа мерзімде еліміздің заңнамасын жаңа Конституция нормаларына сай өзгерту жұмысын атқардыңыздар. Атап айтқанда, Парламент 9 заң топтамасын, соның ішінде 6 конституциялық заңды шұғыл әзірлеп, қабылдады. Нәтижесінде мемлекеттік биліктің «Күшті Президент – ықпалды Құрылтай – есеп беретін Үкімет» деген базалық формасын толық қанды институционалдық мәнге ие болды.

Жаңарған билік тармақтарының теңгерімді жүйесінде Президент Тәуелсіздік пен мемлекет тұтастығының символы, Конституцияны және азаматтардың заңды құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың кепілі ретінде бұрынғыдай басты рөл атқарады.

Қазақстан президенттік республика болып қала береді. Мұны түсіну, ескеру өте маңызды. Яғни, Президент – мемлекеттің ең жоғары лауазымды тұлғасы, Қарулы күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы, барлық құқық қорғау органдарының басшыларын тағайындайды, елдің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды, Қазақстан атынан халықаралық аренада өкілдік етеді.


Сонымен қатар жаңғырту жұмыстары парламенттік жүйені одан әрі трансформациялау тетіктерін де қарастырады. Құрылтайдың алдында барлық бюрократиялық рәсім түріндегі кедейлерді жою, заң шығару ісін жеделдігі мен сапасын арттыру, білікті сарапшылардың және консультанттардың қызметін тиімді ұйымдастыру міндеті тұр.

Жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуірінде Құрылтайға ұлттық заңнаманы тез өзгерту жатқан цифрлық матрица жағдайына шұғыл бейімделу үшін қарқынды жұмыс істеуге тура келеді. Бұл – өте маңызды. Қазақстанның жаһандық бәсекеге қаншалықты дайын екені осыдан көрінеді.

Құрылтай технологиялық прогрестің жетекші факторы болады деп үміттенемін.

Бытыр қазан айында өткен Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының алғашқы отырысында мен толыққанды e-Parlament жүйесін енгізу мәселесін көтерген едім. Қазақстан e-Government, яғни, Электрондық үкіметтің даму деңгейі бойынша жаһандық рейтингте әлемдегі үздік 25 елдің қатарына кірді.

(Басы. Жалғасы 2-3 беттерде).



Қымбатты отандастар!
Қадірлі депутаттар және Үкімет мүшелері!

Бүгінгі Парламенттің қос Палатасының бірлескен отырысының тарихи мән - маңызы айырықша деп айтсақ, дұрыс болар. Бұл дүйім халқымыз үшін де айқын нәрсе, ақиқат. Бүгін біз мемлекетіміздің заң шығарушы органы – Парламенттің кезекті сессиясын аяқтап, Тәуелсіз Қазақстанның дамуындағы тұтас бір дәуірді қорытындылап отырмыз. Осылайша, тереңнен тамыр тартқан мемлекетіміздің жаңа кезеңіне қадам басқалы тұрмыз.

Ертең Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы заңды күшіне енеді. Ұлт заңымен қатар, мемлекеттік билік жүйесі де түбегейлі жаңа сипатқа ие болмақ. Қос палаталы Парламенттің орнына Құрылтай келеді. Жалпы, бұл өзгеріс Қазақстан тарихи сабақтастық бар екенін анық көрсетеді.

Осыдан отыз жылдан астам уақыт бұрын елімізде тұңғыш кәсіби Парламент құрылды. Мүлде жаңа институционалдық үлгіге көшкен заң шығарушы орган мемлекеттімізді нығайтуға елеулі үлес қосты, сондай-ақ, еліміздің құқықтық негізін қалыптастыру және нарықтық экономика-ны орнықтыру ісінде маңызды рөл атқарды.

Қысқаша айтсақ, отыз жылдың ішінде 3,5 мыңға жуық аса қажетті заң қабылданды. Ал әрбір оныңшы заңға депутаттар өздері бастамашы болды. Заң шығару жүйесінің қайнар бастауында бүкіл халқымызға және халықаралық қауымдастыққа таныл-ма саясаткерлеріміз, көрнекті мемлекет қайраткерлері, белгілі қоғам қайраткерлері тұрды. Олардың жемісті еңбегі Парламент тарихында өшпес із қалдырды. Қажырлы қызмет халқымыздың жадында мәңгі сақталып қаларына күмән жоқ.

Парламент әрдайым уақыт талабына тез бейімделіп, қоғам сұранысына лайықты жауап бере алатын жасампаз құрылым болды. Парламент – мемлекетіміздің басты өкілді органы, қоғамның түрлі саласындағы кәсіби мамандарды бір мақсатқа тоғыстырды. Елімізде саяси және заңнамалық тұрғыдан сапасы жоғары парламенттік мәдениет қалыптасты. Бұл – Қазақстанды дамыған ел ретінде айқындайтын ең маңызды көрсеткіштің бірі. Түптеп келгенде, Парламенттің әрбір шақырылымы Қазақстанның алға қарай нық сеніммен қадам басуына зор серпін берді, басқаша айтсақ, ұлтымыздың эволюциялық өрлеу жолының жарқын үлгісіне айналды.

Мен Парламенттегі қайнаған еңбектің, онда қабылданған әрбір заңның Тәуелсіз еліміздің келешегі үшін қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінемін. Осы тарихи сәтке орай, ұлт мүддесін бәрінен биік қойып, елге мінсіз әрі адал қызмет еткені үшін барлық шақырылымдағы Мәжіліс пен Сенат депутаттарына шынайы ризашылығымды білдіремін.

Әсіресе, Парламенттің қазіргі құрамына, яғни сіздерге алғысым зор. Бұл шақырылымды Қазақстанның жаңа тарихындағы ең мықты құрамның бірі деп сеніммен айтамын. Себебі, сіздер

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІНЕ ҮНДЕУІ

Құрметті отандастар!

Жаңа Конституциямыздың заңды күшіне енуі – бүкіл еліміз үшін айырықша маңызды оқиға. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! Бүгін тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа дәуірі басталады. Біз саяси - экономикалық реформалардың, ауқымды өзгерістердің және қарқынды дамудың даңғыл жолына түсеміз. Осы ерекше күн еліміздің бүкіл саяси жүйесін, сондай-ақ, мемлекеттің және азаматтық қоғамның негізгі институтына түбегейлі жаңғырту кезеңі басталғанын аңғартады. 15 наурызда өткен жалпұлттық референдумда Қазақстан халқы ел тағдырына тікелей ықпал ететін және мемлекеттің ондаған жылдарға арналған даму бағдарын айқындайтын таңдауын жасады. Миллиондаған отандасымыз берекелі бірлік танытып, шынайы отаншылдық пен жоғары жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетті. Бұл тарихи шемнің төл шешірімізде алтын әріппен жазылатыны анық. Бұдан былай Конституция күні мен «Наурызанама» қатар аталып өтеді. Мұның символдық мәні зор. Конституция күні ел ішінде ғасырлар бойы орныққан көктемгі жаңару дәстүрлерін Ата Заңның басты қағидаттарымен тоғыстырады, яғни, азаматтарымыздың ырысты ынтымаққа, озық білімге, ел игілігі жолында адал еңбекке деген талпынысымен үндеседі. Біз нағыз Халық Конституциясының мызғымас құқықтық негізіне арқа сүйеп, барлық мақсат - мұраттарымызға міндетті түрде жетеміз. Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік пен Өрлеу, Тазалық пен Табиғатты аярай ұстауын жасампаздық құндылықтарымен қоғамда берік орнықтырамыз. Бұған еш күмәнім жоқ. Біз бірлігі бекем, біртұтас ұлт ретінде әлемдік өркениеттің шыңын бағындырып, баршаға бірдей мүмкіндік беретін және барлық азаматтың жан - жақты дамуына жол ашатын мемлекетті – Әділетті Қазақстанды құрамыз!

Қастерлі Отанымызды көркейту жолындағы жоспарларымызды ойдағыдай орындаймыз. Мен бұған кәміл сенемін! Қазақстан Республикасы жасай берсін! Халқымыз мәңгі жасасын!

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Олардың жалпы құны 3,7 триллион теңге болды. Алдағы екі жылда тағы 200-ден астам өндіріс орны іске қосылмақ. Осы мақсатқа шамамен 3 триллион теңге инвестиция тартылады. Бұл – қазынаға түсетін салық көлемі артады, өндіріске озық технологиялар енгізіледі және ең бастысы, жаңа жұмыс орындары ашылады деген сөз. Іске қосылған жобалардың арқасында қазірдің өзінде 50 мыңға жуық тұрақты жұмыс орны пайда болды. Қалған жобалар жүзеге асқан соң тағы 20 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылады.

Мемлекет отандық кәсіпкерлерді қолдауға баса мән беруде. Осы мақсатқа қомақты қаржы мөлімі жатыр. Жалпы, Қазақстандағы жұмысқа жарамды азаматтардың жартысына жуығы табысын шағын және орта бизнестен тауып отыр. Соңғы бес жылда осы секторда еңбек ететін адам саны 4,5 миллионға жетті. Жалпы ішкі өнімнің 40 пайыздан астамы шағын және орта бизнес саласына тиесілі. Мұны рекордтық көрсеткіш деп айтуға толық негіз бар. Былтыр «Бәйтерек» холдингі арқылы кәсіпкерлерге 8 триллион теңге көлемінде қолдау көрсетілді.

Сонымен қатар елімізде түбегейлі жаңа Құрылыс және Су кодекстері қабылданды. Стратегиялық маңызы айрықша салаларды ретке келтіру үшін қабылданған құжаттардың маңызы зор.

Былтыр Қазақстанда 20 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй салынды. Бұл да – тарихымыздағы ең жоғары көрсеткіш. Ең басты нәтиже – мыңдаған отбасы баспаналы болды.

Біз қалаларды абаттандырумен қатар, ауылдардың жағдайын жақсартуға басымдық беріп келеміз. Биыл шалғай елді мекендерде тұратын жарты миллионнан астам адамды ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін 12 ірі жоба іске қосылады.

Мемлекет ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге бұрын-соңды болмаған ауқымда қолдау көрсетіп жатыр. Өткен жылы агроөнеркәсіп саласына жеңілдетілген несие беру үшін 1 триллион теңге қаржы тартылды. Осылайша, шаруалар алғаш рет жылына 5 пайыздық мөлшермен «ұзақмерзімді» қаражат алу мүмкіндігіне ие болды. Мұндай қадам ауыл шаруашылығы саласын жаңғыртуға ықпал еткені сөзсіз.

Осындай шаралардың арқасында агроөнеркәсіп кешеніне тиесілі жалпы өнім құны шамамен 10 триллион теңгеге жетті. Ал, экспорт көлемі 1,3 есе артып, 7 миллиард доллар табыс түсті. Бұл – соңғы он жылдағы ең жоғары көрсеткіш.

Озық технологиялар саласы да қарқынды дамып келеді. Әсіресе, отандық фармацевтика бағытында біраз жетістіктеріміз бар. Фармацевтика индустриясына сенім деңгейі бойынша Қазақстан Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері арасында көш бастап тұр. Мұндай бағаны Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы беріп отыр. Отандық дәрі-дәрмек нарығының көлемі 1 триллион теңгеден асты. Кейінгі үш жылда бұл салаға тартылған шетелдік инвестиция көлемі үш еседен астам ұлғайды. Алайда, бұған мез болып отыра беруге болмайды, алдымызда тұрған міндет аз емес, қойылған мақсаттарға міндетті түрде жетуіміз керек.

Мен осыған дейін елімізде жаңа инвестициялық кезең басталатынын айтқан едім. Біз сол арқылы экономикамызды әртарапандыруды көздеп отырмыз. Әртарапандыру, яғни, диверсификация дегеніміз, бұл – жай ғана ұран немесе жағымды сөз емес, бұл – өте күрделі және жауапты міндет, оған үстірт қарауға болмайды. Былтыр Қазақстанға тартылған тікелей шетел инвестициясының көлемі 14 пайызға артып, 20 миллиард доллардан асты. Ең бастысы, капитал негізінен өңдеу өнеркәсібі, көлік-логистика, қаржы және цифрлық инфрақұрылым сынды келешегі зор салаларға бағытталуда. Бұл ел дамуы үшін өте жақсы үдеріс екені сөзсіз.

Осы орайда, мен мамыр айында қол қойған «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заңның маңызы зор. Аталған заң шетелдік және отандық бизнес үшін тиімді мүмкіндіктерге жол ашады. Сондықтан бұл бірегей заңнамалық актінің әлеуетін дұрыс пайдаланған жөн.

Дамуы қарқынды цифрлық мегаполистер, инновациялық кластерлер және өнімділігі жоғары индустрия қалыптастыру Қазақстанды Еуразиядағы технологиялық тұрғыдан өркендеген іскерлік хабқа айналдыруды көздейді. Кең байтақ өңірімізде бұрын-соңды болмаған бұл жоба табысты іске асқан жағдайда (Ал, біз мұны сәтті жүзеге асыруға міндеттіміз), орнықты экономикалық өсіміңіз мүлдем жаңа моделі пайда болады.

Үшінші міндет. Еліміздің энергетикалық және инфрақұрылымдық негізін нығайту.

Экономиканың жаңа үлгісіне көшу үшін алдымен энергетикалық, инженерлік және көлік-логистикалық инфрақұрылымды толыққанды дамыту қажет. Бұл маңызды ұштаған кез келген елдің, соның ішінде Қазақстанның да негізгі тірегі саналады. Сондықтан біз энергетикалық және коммуналдық салаларды жан-жақты

жаңғырту жұмысын қолға алдық. Осы мақсатта бұрын-соңды болмаған ауқымдағы Ұлттық жобаны іске асыру туралы шешім қабылданды. Оны жүзеге асыру үшін тек биылдың өзінде 1 триллион теңгеден астам қаржы бөлу жоспарланып отыр.

Артық шығынға әкеп соғатын тиімсіз «әрлеу, яғни жөндеу» тәсілінен бас тартып, өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін барлық нысандар мен жүйелерді түбегейлі жаңғырту жұмысы жүргізілетін болды.

Қазақстанның энергетикалық балансында көмір, мұнай, газ секілді отын түрлері басым. Көмірсүтегі ұлттық экономиканың негізін құрап, бюджетке валюталық түсімнің қомақты бөлігін қамтамасыз етеді. Мұнай – газ шикізаты – экспорттан пайда әкелуімен қатар қалаларымыз бен ауылдарымызды қамтамасыз ететін бағасы қолжетімді жылу мен қуат көзі. Сондықтан біз елді мекендерге газ құбырын тартуды жеделдетуді жоғары қамтамасыз еттіміз. Көгілдір отынмен қамту көрсеткішін (қазір 65 пайызға жуық) 80 пайызға дейін арттыру міндеті қойылды.

Үкімет дәстүрлі қуат көздерімен бірге «жасыл» энергетикаға баса мән беріп отыр. Оның энергетикалық теңгерімдегі үлесі 7 пайызға жетті. Қарқынды өсіп келе жатқан экономиканы қамтамасыз ету үшін 2029 жылға қарай 13 гигаватттан астам жаңа қуат көздерін іске қосу жоспарланған. Осы орайда, олардың кемінде төрттен бірі жаңартылатын энергия көздері есебінен жүзеге асырылмақ. Әйтсе де, пайдалы қазбаларымыз, соның ішінде көмірдің мол қоры – табиғат сыйлаған артықшылығымыз саналады. Мұны толық пайдалануымыз керек. Сондықтан биыл наурыз айында Таза көмір генерациясы жөніндегі ұлттық жоба қабылданды.

Алдағы үш жылда Көкшетау, Семей және Өскемен қалаларында жоғары экологиялық стандарттарға сай келетін технологияларды пайдаланатын үш жылу электр станциясын салуымыз керек. Мұны созуға болмайды. Әйтпесе істен гөрі сөз көбейіп кетті.

Қазақстан әлемде уран өндіру бойынша көшбасшы және ядролық инфрақұрылымы бар ел саналады. Сондықтан атом генерациясын өте дұрыс таңдадық. 2024 жылғы тарихи референдум кезінде халық қабылдаған шешім, шын мәнінде, өркениетті сипатқа ие. Бұл – елдің энергетикалық дербестігінің кепілі, қуатты көп тұтынатын келешек цифрлық экономиканың сенімді тірегі. Келесі жылы алғашқы атом электр станциясының құрылысы басталады.

Біз еліміздің инфрақұрылымдық арқауының тағы бір мызғымас тірегі – көлік-логистика саласына баса назар аударуымыз керек. Бұл сала стратегиялық маңызға ие. Біздің аймақтағы барлық елдер де осы бағытқа ден қойып жатыр, сондықтан, бәсеке күшеюде.

Теміржол саласының жүк тасымалындағы рөлін ескере отырып, мемлекет жаңа магистральдар мен вокзалдар салуға және оларды жаңғыртуға баса мән беріп отыр. Былтыр Достық – Мойынты бағытының екінші желісі және Алматы қаласын айналып өтетін теміржол іске қосылды. Биыл Мойынты – Қызылжар және Дарбаза – Мақтаарал, келесі жылы Бакты – Аягөз теміржолдарының құрылысы аяқталады.

Еліміздегі автокөлік жолдарының сапасын жақсарту міндетін де орындауымыз керек. Былтыр 13 мың шақырым автокөлік жолын жөндеу жұмысы басталды. Оның 6 мың шақырымы қолданысқа берілді. Мұндай ауқымды жұмыс ел тарихында бірінші рет жасалды. Келесі жылы автокөліктерді өткізу бекеттерін жаңғырту ісі аяқталуы керек.

Соңғы бес жылда ел аумағы арқылы автокөлікпен тасымалданатын жүк көлемі екі есе артып, 6 миллион тоннаға жетті. Былтыр автокөлікпен жүк тасымалдаушылардың табысы 1,5 триллион теңге болды. Бұл – теміржол саласындағы кіріспен шамалас көрсеткіш. Осының өзі отандық автокөлік тасымалы саласының әлеуеті зор екенін көрсетеді. Демек мұндай кәсіпкерлерді бағындыру қолдау керек.

Авиация саласындағы табысымыз да көбеюде. Елімізде жаңа ұшу бағыттары ашылып жатыр. Толыққанды әуе хабтарын қалыптастыру үшін нақты жұмыс жүргізілуде. Әрине, осы тұрғыдан алғанда, Астана қаласында жаңа әуежай салу – кезек күттірмейтін міндет. Көп ұзамай оның құрылысы басталуы қажет. Әуе кеңістігі арқылы жүк тасымалдайтын арнайы компания құру өте орынды шешім болды деп санаймыз. Бұл маңызды қадам халықаралық логистикадағы әлеуетімізді күшейтуге ықпал етері сөзсіз.

Біз аймақтағы мұнай – газ өндіретін жетекші мемлекет ретінде авиацияға қатысты мәселелерді толық шешуге мүмкіндік беретін мықты инфрақұрылым қалыптастыруымыз қажет. Бұл – аса маңызды және шұғыл міндет.

Бәріңізге мәлім, мен жақында Брюссельге жұмыс сапарым барып, Еуропалық Одақтың басшыларымен келіссөздер жүргіздім. Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту мәселесіне баса мән берілді. Орта дәліз арқылы тасымалданатын жүк көлемі кейінгі алты жылда бес

есе ұлғайып, бір жылда 4 миллион тоннадан асты. Бұл, негізінен, теңіз тасымалын дамыту және порт инфрақұрылымын жаңғыртудың арқасында мүмкін болды.

Әрине, Парламент тарапынан жасалған заңнамалық қолдау осы саланың қарқынды дамуына күшті серпіліс берді. Атап айтқанда, 2023 жылдан бері көлік-логистика секторын жан-жақты дамытуға бағытталған 8 заң қабылданды. Бірқатар халықаралық келісім де ратификацияланды. Осындай нақты шараларды қабылдау арқылы Қазақстан аймақтағы сенімді энергетика донорына айналмақ. Сондай-ақ, еліміз алдағы уақытта аймақтағы жетекші көлік-логистика торабы ретінде жоғары қарқынмен дамитын болады. Бұл – Үкімет алдында тұрған айырықша маңызды міндет. Жалпы, біздің алдымызда аса маңызды, өте жауапты және шұғыл міндет бар: бұл – кең ауқымды құрылыс жүргізу. Елімізде неғұрлым құрылыс көп болса, Қазақстан да соғұрлым өркендей береді. Ең алдымен, бұл – негізгі инфрақұрылымға қатысты мақсат. Біз теміржолдарды, автожолдарды, әуежайларды, вокзалдарды, сумен қамтамасыз ететін ірі құрылыстарды, өндіріс және өнім кәсіпорындарын, қала ғимараттарын және тағы басқа нысандарды жоғары қарқынмен салуымыз керек. Қаражат деген уақытша дүние, оның құны жыл сайын төмендеп бара жатыр, ал оны тиімді пайдалану, бұл – нақты нәтижелерге қол жеткізу, тиісті нысандарды өскелең ұрпақтарға аманат етіп қалдыру деген сөз.

Әлеуметтік мемлекет боламыз деп, қаражатты талан-таражға салуға болмайды. Осындай қысқа, шолық ойлы саясатты біздің ұрпақтарымыз түсінбейді де, кешірмейді де. Басқа сөзбен айтқанда, Қазақстанды үлкен құрылыс алаңына айналдыруымыз керек.

ТӨRTІНШІ. Алдымызда толыққанды цифрлық мемлекет құру міндеті тұр.

Сіздерді тыңнан түрен салып, цифрлық дәуірге жол ашқан депутаттар деуге болады. Біздің елімізде болсын, әлемде болсын – жалпы еш жерде жасанды интеллектіңіз заң тұрғысынан реттейтін дайын үлгі немесе тәсіл болған жоқ. Соған қарамастан, сіздер еліміздің осы саладағы өсіп-өркендеуіне берік негіз болатын тиімді құқықтық жүйені құруға елеулі үлес қостыңыздар. Мен Мемлекет басшысы ретінде мұны жоғары бағалаймын.

Жаңа Конституция азаматтардың киберкеңістіктегі дербес деректерін қорғауға кепілдік береді. Бұл – Цифрлық Қазақстанды құрудың негізгі алғышарты. Қазақстан мүлдем жаңа сипаттағы Цифрлық кодекс пен «Жасанды интеллект туралы» Заң қабылдаған жаһандағы алғашқы елдердің бірі. Бұл қадам толыққанды Цифрлық ел болу үшін заманауи инфрақұрылымдық негіз қалыптастыруға мүмкіндік берді. Біз қазірдің өзінде осы жұмыстың нақты нәтижесін көріп отырмыз.

Бүгінде еліміз «Үкіметтің жасанды интеллектіге дайындық индексіне» сәйкес Орталық Азияда алдыңғы қатарда тұр. Бірақ бұл – үлкен жолдың басы ғана. Алдағы ауқымды жұмыстың негізгі бағыт-бағдары «Digital Qazaqstan» жалпыұлттық стратегиясында айқындалды. Мен бұл құжатты маусым айының басында бекіттім.

Біз жасанды интеллектің экономиканың барлық негізгі саласына енгізіп, мемлекеттік басқарудың сапасын түбегейлі жақсартуымыз керек. Осы бағытта алғашқы маңызды шаралар қолға алынды. Мен қаңтар айында банк қызметі саласына қатысты жаңа заңдарға қол қойдым. Сол арқылы цифрлық қаржы активтерін айналымға енгізудің нақты шарттары айқындалды.

Сондай-ақ, менің тапсырмаммен еліміздің құқықтық негізін жүйелеп, толыққанды жаңғыртуға мүмкіндік беретін Реттеу жөніндегі интеллект орталығы құрылды. Бұл қадам кәсіпкерлердің жұмысын едеуір жеңілдетпек. «Бір терезе» қағидаты бойынша қызмет көрсететін «e-Government Business» экожүйесін дамыту арқылы бизнес үшін қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік туады.

Еліміздегі цифрлық банктер мен финтех-компаниялар тұтынушыларға және кәсіпкерлерге арналған қолайлы экожүйенің негізін қалады. Қаржы, сауда жүйелері және мемлекеттік қызметтер арасында кедергісіз цифрлық кеңістік қалыптасты. Соның нәтижесінде соңғы бес жылда электронды коммерция нарығы шамамен сегіз есе ұлғайып, 3,7 триллион теңгеге жетті. Бұл – еліміздегі бөлшек сауда көлемінің шамамен 15 пайызы.

Мұның бәрі азаматтарымыздың цифрлық жүйелерге деген сенімі жоғары екенін және олардың тұтынушылық мәдениеті өзгере бастағанын көрсетеді. Осы қарқынды бәсеңдетпеу үшін мемлекет тиісті инфрақұрылымды үздіксіз дамытып отыруы керек. Қуатты суперкомпьютерлерді іске қосу бұл бағыттағы маңызды қадам болды. Ол жасанды интеллект жөніндегі теориялық тұжырымдарды мемлекеттік басқаруға, экономикаға және ұлттық қауіпсіздікке арналған қолданбалы шешімдерге ұластырды. Дегенмен жасанды интеллект мол қуат пен есептеу кеңістігін қажет етеді. Дәл осы себепті «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабы» мегажобасын қолға алудың мәні зор.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

(Соңы. Басы 1 - 2 беттерде).



Аталған жоба әлемдегі жетекші BigTech-корпорацияларды тартатын жойқын гравитациялық алаңға айналады. Үкімет бұл міндетті айрықша бақылауда ұстауы керек. Оның орындалуын ұдайы қадағалап отырамын.

Шын мәнінде, қазір Жаңа Жібек жолының жоғары технологиялық хабы ретінде еліміздің цифрлық дербестігінің іргесі қаланып жатыр. Бұл ретте ең қуатты компьютерлерде, озық дата-орталықтарда жұмыс істейтін маман болмаса, қаржы желге ұшатынын ұмытпауымыз керек. Сондықтан болашақ архитекторлары мен бағдарлама әзірлеушілерін мектеп партасынан бастап даярлауға кірістік. АІем.аі халықаралық жасанды интеллект орталығының жанынан екі инновациялық мектеп ашылды. Осы оқу жылында Жасанды интеллект университеті ашылды. Бұл – аталған салаға маман даярлайтын Орталық Азиядағы тұңғыш арнаулы оқу орны болмақ.

Цифрлық трансформация дегеніміз – жоғарыдан төмен қарай барлық басқару тармақтарын, тіпті халықтың басым бөлігін қамтитын ашық әрі қарқынды үдеріс. Қазірдің өзінде жоғары лауазымды басшылардан бастап ауыл әкімдеріне дейін он мыңдаған мемлекеттік қызметші осы салалық білім беру бағдарламасына қатысып жатыр. Біз мемлекеттік басқарудың логикасы мен философиясын түбегейлі өзгертуіміз керек. Әдеттегі бюрократиядан арылып, тиімділігі жоғары «Мемлекет-платформа» (GovTech) сервистік парадигмасына батыл түрде көшуіміз қажет. Түпкі мақсатымыз – жаһандық технологиялық ландшафтта орныққан, ұлттық мүддені табанды түрде қорғап, ілгерілететін, азаматтарына мүлтіксіз қызмет ететін озық цифрлық мемлекет құру.

БЕСІНШІ мәселе. Бұл – адам капиталын дамыту.

XXI ғасырда шикізатқа немесе халық санына ғана сеніп отыра беруге болмайды. Мұндай ұстаным кез келген мемлекетті жарға жығады. Мен бұл туралы үнемі айтып келемін. Қазір де қайталаймын: инфляцияға тәуелді емес бір ғана капитал бар: бұл – адам әлеуетінің сапасы.

Сондықтан біз әлеуметтік салаға бірден-бір стратегиялық бағыт ретінде қараймыз. Бүгінде мемлекет азаматтарды жаңа-жаңы дамытуды көздейтін негізгі салалардың барлығына қомақты қаражат бөліп отыр. Соның ішінде ғылым мен білім, мәдениет пен денсаулық, спорт және әлеуметтік қолдау саласын ерекше атап өткен жөн. Биылдың өзінде осы стратегиялық мақсатқа 19 триллион теңгеден астам қаржы бөлу жоспарланып отыр. Бұл – мемлекет бюджетінің жартысынан көбі деген сөз.

Расында, Қазақстан – әлеуметтік салаға айрықша мән беріп, жүйелі әрі байыпты саясат жүргізіп келе жатқан әлемдегі аз ғана мемлекеттің бірі. Осы орайда, Парламенттің әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыруға және қоғамда әділдік қағидатын орнықтыруға ерекше үлес қосқанын атап өткен жөн. Бірақ біз мына нәрсені дұрыс түсінуіміз керек: шынайы әділеттілік дегеніміз ел игілігін бәріне бірдей бөліп бере салу емес. Нағыз әділеттілік – әрбір азаматқа тең мүмкіндік беретін тиімді әрі мұқият ойластырылған жүйе құру деген сөз. Ең бастысы, барлығы заң алдында тең болуға тиіс. Бұл – Әділетті Қазақстанның мызғымас қағидаты.

Парламенттің «Заңсыз иемделген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заңды қабылдауы – осы қағидаттың нақты көрінісі. Аталған Заң аясында елге триллион теңгеден астам қаражат қайтарылды. Қазірдің өзінде осы қаржының жартысынан көбі халық игілігіне жұмсалды. Соның есебінен 450 аса маңызды әлеуметтік және коммуналдық нысан салынды.

Біз арнайы конституциялық нормаға сүйене отырып, табиғи байлықты азаматтардың бастапқы капиталы ретінде бекіттік. Қазақстан – осындай бірегей бастаманы іске асырған аймақтағы алғашқы мемлекет. «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы – соның айқын дәлелі. Бұл жобаның тиімділігі жоғары: үш жылдың ішінде 6,5 миллион баланың есепшотына 2,3 миллиард доллар аударылды. Сондай-ақ біз қамқорлық шараларының нақты жалғасы ретінде «Келешек» жинақтау жүйесін іске қостық. Дарынды балаларға, соның ішінде халықаралық олимпиада жеңімпаздарына жүйелі түрде қолдау көрсете бастадық. Болашаққа инвестиция салу дегеніміз де – осы. Ал, айналымда яғни, Еуразия құрлығында қай мемлекет әлеуметтік мақсаттарға осыншама қомақты қаражатты бөліп беріп жатыр? Жауап белгілі сияқты.

Біз қазір білім экономикасы үстемдік құрған дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Осын-

дай кезеңде технологиялық дербестігімізді күшейте түсу үшін ғылым саласын және жоғарғы мектеп жүйесін дамытуға баса назар аударуымыз қажет. Соған сәйкес біз еліміздегі университеттерді жаңғырту жұмысын қолға алдық. Бұдан бөлек, шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының филиалдары ашылып жатыр.

Өздеріңіз мақұлдап, қабылдаған «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң ғылыми инфрақұрылымды жақсартып, жас ғалымдарға мол мүмкіндіктер беруге зор ықпал етуде. Жалпы, алдымызда ғылым деңгейін, оның тиімділігін барынша көтеруге қатысты маңызды мақсат тұр.

Әрине, кез – келген ұлттың зияткерлік әлеуеті сол елдегі орта білімнің деңгейімен өлшенетіні ақиқат. Соңғы үш жылда республика бойынша 584 заманауи мектеп салынды. Әрбір үшінші мектеп инновациялық үлгідегі «Келешек мектептері» жобасы аясында бой көтерді. Биыл тағы 84 мектеп ашылады. Оның жартысынан көбі ауылдық жерлерде салынып жатқанын атап өту қажет.

Отандық медицина саласы да дамып келеді. Жалпы, 2019 жылдан бері елімізде шамамен 1300 денсаулық сақтау нысаны ашылды. Азаматтардың орташа өмір сүру ұзақтығы 76 жасқа жуықтады. Дүниежүзілік банктің мәліметіне сәйкес, осы көрсеткіш бойынша Қазақстан осы аймақта көш бастап тұр. Бұл ел дамуының нақты көрінісі екені сөзсіз.

Азаматтардың бәріне сақтандыру мәртебесіне қарамастан базалық медициналық көмек алуға кепілдік берілген. Бұдан бөлек, отандастарымызға нейрохирургиядан бастап репродуктивті медицинаға дейінгі ең жоғары технологиялық медициналық ем-шаралардың барлығы қолжетімді.

Сонымен қатар қоғамға қызмет ету жолы таңдағандардың алаңсыз еңбек етуіне лайықты жағдай жасап жатырмыз. Нақты қадамдар арқылы ұстаздар мен дәрігерлердің беделін арттыра береміз. Мұғалімдердің, медициналық және әлеуметтік қызметкерлердің жалақысы кезең-кезеңімен көтеріліп келеді. Соңғы үш жылда 1,2 миллионнан астам адамның еңбекақысы 50 пайыздан 100 пайызға дейін артты.

Қазақстанда атаулы әлеуметтік көмектің көп деңгейлі жүйесі жолға қойылған. Бұл көмек шын мұқтаж адамдарға берілуге тиіс. Көмек «Отбасының цифрлық картасы» технологиялық шешімі арқылы көрсетіледі. Парламент депутаттарының табандылығы арқасында зиянды өндірісте еңбек ететіндердің мәселесі шешілді. Бұл жиі көтеріліп, өбден жауыр болған түйткіл еді. Енді өндіріс еңбеккерлері арнайы әлеуметтік төлем алуға, 55 жастан бастап зейнетке шыққанға дейін жеңілдік жұмысқа ауысуға заң жүзінде қақылды.

Өйелдер мен балалардың құқығын қорғауға, халықтың шамадан тыс кредит алуын азайтуға, ойынқұмарлыққа, есірткі қылмысына және кибералақтыққа қарсы күрес шараларына қатысты қабылданған

заңнамалық шешімдеріңіз жұртшылықтың кең қолдауына ие болды.

Біздің басты стратегиялық мақсатымыз – жоғары конституциялық қағидаттарды іске асыра алатын білімді, дені сау, зияткер әрі озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу. Қашанда жаңашылдыққа ұмтылатын жасампаз ел болу үшін біз ең алдымен мызғымас құндылықтарымызға, бай тарихымыз бен мәдени мұрамызға арқа сүйеуіміз қажет.

Бірнеше күннен кейін бәріміз бір ел болып «Ұлттық домбыра күнін» атап өтеміз. Бұл – болмысымызды айшықтайтын, жұртымыздың, әсіресе, өскелең ұрпақтың рухын көтеретін айрықша мереке. Көрнекті ақын Қадыр Мырза Елінің «Нағыз қазақ – домбыра» деп жырлауы тегін емес. Расында, домбыраны ұлықтау арқылы біз төл өнерімізді төрге оздырамыз. Домбыра қастерлі құндылығымыз ретінде ұлттымызды әлемге танытатын бірегей брендке айналуы керек.

Жалпы, мемлекет руханият саласын дамытуға әрдайым баса назар аударып келеді. Бұл тағылымды іске депутаттар корпусы – сіздер де зор үлес қостыңыздар. Әрине, сіздер атқарған ауқымды жұмыстың мән-маңызын бір ғана жиынның аясында жеткізу мүмкін емес.

Парламент мен атап өткен заңнамалық жұмыстан бөлек, көптеген өзекті мәселені айрықша назарда ұстады. Сегізінші шақырылым депутаттары Үкіметке 2 мыңнан астам сауал жолдады. Сондай-ақ, 31 Үкімет сағатын және 9 Парламент тыңдауын өткізді. Қос палатаның комитеттері белсенді әрі жемісті жұмыс істеді.

Бір палаталы Құрылтай жүйесіне көшкен соң заң шығарушы органның комитеттері де мемлекет саясатының басым бағыттарын негізге ала отырып, құрылғаны жөн. Осы жылдар ішінде депутаттық корпус азаматтармен ашық әрі тиімді байланыс жүйесін қалыптастырды. Атап айтқанда, партия жобаларын табысты жүзеге асырды. Сондай-ақ, тұрақты түрде аймақтарға барып, жұртшылықпен кездесіп отырды. Қоғамдық қабылдаулар кезінде азаматтардың талап-тілектерін назарға алып, өзекті мәселелердің шешім табуына ықпал етті.

Парламент беделді ғалымдарды, байыпты сарапшыларды және қоғам белсенділерін ортақ мүддеге біріктірген орталыққа айналды. Сенат жанындағы сарапшылар клубы мен Мәжіліс жанындағы қоғамдық палата осы бірегей зияткерлік экожүйенің берік тірегі болды. Бұл құрылымдар сындарлы диалогті дамытып, заң жобаларын жан-жақты талдауға жол ашты.

«Адал азамат» тұжырымдамасы мен «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы қоғамда жаңа этиканы қалыптастыруға арқау болды. Депутаттар осы жалпыұлттық бастамалардың мән-маңызын халыққа түсіндіруге және іске асыруға белсене атсалысты. Парламенттің қажырлы қызметінің арқасында «Заң мен тәртіп» қағидаты мемлекет саясатында түбегейлі орнығып, ұлт болмысының ажырамас бөлігіне айнала бастады.

Сонымен қатар Парламент депутаттары Қазақстанның халықаралық беделін нығайтуға елеулі үлес қосты. Сол арқылы еліміздің жауапты әрі ықпалды «орта держава» ретіндегі рөлі күшейе түсті. Депутаттар парламентаралық ассамблеялардың, шетелдік сапарлар мен форумдар аясында шетелдік әріптестерімен және жаһандық институттармен сенімді әрі нәтижелі байланыс орната білді. Осы тұста Әлемдік және дәстүрлі діндер съезінің жұмысын айрықша атап өту қажет. Беделді диалог алаңының хатшылығы ұзақ жыл бойы Сенат аясында табысты жұмыс істеп келді.

Құрылтай басты заң шығарушы орган ретінде барлық бағыт бойынша сабақтастықты және институционалдық дәстүрді сақтап, жылдар бойы қалыптасқан бірегей парламенттік мәдениетті жоғалтпай, оны одан әрі дамытуға баса мән беруге тиіс. Еліміздің жоғары өкілді органы – Құрылтайдың негізгі мақсаты – баршаға бірдей мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құру ісіне атсалысу және осы бағытта белсенді жұмыс істеу. Бір палаталы өкілді орган өзінің заңнамалық миссиясын табысты орындай отырып, қоғамда Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік, Тазалық, Қоршаған ортаны қорғау сынды мызғымас құндылықтарды орнықтыра түсуге барынша ықпал етеді деп сенемін.

Құрметті депутаттар!

Жаңа Конституцияның заңды күшіне енуі – ұлт тағдырына тікелей әсер ететін тарихи оқиға. Тұғырына қонған Ата Заңымыз аса ауқымды қоғамдық-саяси үдерістер кезеңіне жол ашты. Осыған орай, мен бірқатар маңызды құжатқа, соның ішінде Құрылтай сайлауын өткізу туралы арнайы Жарлыққа қол қоямын.

Соған сәйкес партиялар арасындағы бәсеке де жандана түседі. Біз жасампаз ел ретінде осы саяси науқанды да жоғары деңгейде өткізуіміз керек. Алдағы сайлауда ашық, адал және әділ бәсеке болуға тиіс.

Қазақстан халқы – қоғамда жасалып жатқан түбегейлі өзгерістердің негізгі қозғаушы күші. Азаматтармыз елдің ертеңіне бей-жай қарамай, шешуші сөзге таңдау жасауға қабілетті екенін айқын көрсетіп келеді. Бұл – жауапкершілігі жоғары, бірлігі бекем, рухы және мәдениеті биік ұлттарға ғана тән қасиет. Сайлауға қатысу – елдік істен шет қалмау деген сөз. Осы ретте жұртымыз алдағы саяси науқанға белсене атсалысады деп сенемін.

Құрылтай – жаңа тұрпатты Қазақстанның маңызды символы. Сондықтан оның құрамына нағыз отанышыл, бастама-шыл әрі мемлекетшіл тұлғалар, яғни тек үздіктер ғана кіруі керек. Себебі, халық реформалардың қаншалықты нәтижелі болғанын дәл осы Құрылтайдың қызметіне қарап бағалайды. Осындай маңызды сөзге мен тағы бір мәрте Сенат пен Мәжілістің басшылығына және депутаттарына шынайы ризашылығымды білдіремін. Себебі, сіздер мемлекетіміздің игілігі үшін адал әрі қажырлы еңбек еттіңіздер. Жұрттың мұң – мұқтажын батыл көтеріп, ұлт мүддесін бәрінен биік қоя білдіңіздер.

Жаңа кезең – жаңа мүмкіндіктер уақыты. Депутаттардың бірқатары Құрылтайға өтіп, ел игілігі жолында еңбек ете беруді деп ойлаймын. Қазақстан Халық Кеңесінде де өздеріңіз секілді білікті азаматтар болуы керек деп санаймын.

Сондай-ақ, бүгін мен «AMANAT» партиясының фракциясына және барлық мүшелеріне белсенді, байсалды және жасампаз ұстанымдары үшін алғыс айтамын. Сіздер шынайы отанышылдық пен азаматтық жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетіп келесіздер. Саяси ұйымның таяуда өткен съезінде «ӘДІЛЕТ» партиясына қосылу туралы стратегиялық шешім қабылданды. Мен бұл тарихи шешімді қолдаймын. Бүгінгі таңда барлық озық әрі жасампаз күштер жалпыұлттық құндылықтар мен ортақ мақсаттарға бірігуде. Мұндай қадам елімізде қолға алынып жатқан түбегейлі реформаларға тың серпін берері сөзсіз.

Түптеп келгенде, баршамыздың мұратымыз – бір. Бұл – жас ұрпақтың жарқын болашағына жол ашатын өркениетті әрі озық мемлекет құру. Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Еліміздің ойдағыдай дамуы бізге ғана керек. Ұлт болып ұйысып, жұрт болып жұмыла білсек, біз кез келген белесті бағындырамыз, көздеген мақсатымыздың бәріне қол жеткіземіз. Қастерлі Тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайтып, Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз, Таза әрі Озық Қазақстанды құрамыз. Мен бұған кәміл сенемін! Осы жолда аянбай еңбек ету – әр азаматтың перзенттік парызы.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бірлігіміз бекем болсын!

Қазақ елі мәңгі жасасын!

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілерінің күші жойылды деп тану туралы» Жарлыққа қол қойды

2026 жылғы 01 шілде

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 01 шілде
Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 3) тармақшасына және 95-бабының 1-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалсын.
2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауға дайындықты және оны өткізуді ұйымдастырсын.
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдасын.
4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 1 шілде
№1338

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының қабылдануына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды

2026 жылғы 01 шілде

Заңның мәтіні баспасөзде жарияланады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі және құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды

2026 жылғы 01 шілде

Заңның мәтіні баспасөзде жарияланады.

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ - ЕЛІМІЗДЕГІ АУҚЫМДЫ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ БЕРІК ІРГЕТАСЫ

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ БЕЙБІТ ӨКСІКБАЙҰЛЫ
ИСАБАЕВТЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫҢ
КҮШІНЕ ЕНУІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ**

Құрметті жетісулықтар!

Бүгін, 1 шілдеде Қазақстанның жаңа Конституциясы ресми түрде өз күшіне енді. Осы тарихи күнге орай баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн еліміздің мемлекеттік дамуындағы жаңа тарихи кезеңнің бастауы болып отыр. Өйткені, Ата Заң – мемлекетіміздің стратегиялық бағытын, еліміздің ертеңгі болашағын айқындайтын басты құжат.

Халықтың қолдауымен қабылданған жаңа Конституция еліміздегі түбегейлі реформалардың берік іргетасына айналды. Негізгі Заңның басты мақсаты – Әділетті Қазақстанды қалыптастыру, «Адал азамат» тұжырымдамасын іске асыру, «Заң мен тәртіп» қағидатын нық орнықтыру, қауіпсіз, әрі қуатты мемлекет құру. Ол үшін алдымызда Президент атап өткендей, мемлекеттік биліктің жаңа құрылымын қалыптастыру, экономиканы жаңа үлгіге көшіру, энергетикалық және инфрақұрылымдық негізді нығайту, толыққанды цифрлық мемлекет құру, адам капиталын дамыту бағытындағы абзал міндеттер тұр. Бұл ретте ел іргесін нығайтып, келер ұрпаққа өркендеген мемлекетті мұра ету – әрқайсымыздың ортақ міндетіміз, әрі перзенттік парызымыз.

Ата Заңымыздың абыройы асқақтап, Тәуелсіз Қазақстанымыздың тұғыры әрдайым биік болсын!

Баршаңызға жақсылық, бақ-береке тілеймін!

ЖЕТІСУДА ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯҒА АРНАЛҒАН КОНФЕРЕНЦИЯДА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА АТА ЗАҢНЫҢ АРНАЙЫ БАСЫЛЫМЫ ТАБЫСТАЛДЫ



«ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫ
КҮШІНЕ ЕНГЕН КҮНІНЕ АРНАЛҒАН КОНФЕРЕНЦИЯ

1 шілдеде Талдықорған қаласында еліміздің жаңа Ата Заңының күшіне енуіне орай «Жаңа Конституция – Әділетті Қазақстанның берік негізі» атты ауқымды конференция өтті. Жиынға белгілі қоғам қайраткерлері, ғылым және білім саласының өкілдері, заңгерлер, азаматтық сектор белсенділері мен жастар қатысып, Конституцияның саяси және құқықтық реформалардың берік іргетасы ретіндегі маңызын талқылады.

Іс-шараға Жетісу облысы әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов модераторлық етті. Конференцияны ашып, қатысушыларды ел өміріндегі маңызды мерекемен құттықтаған ол жаңартылған Конституцияның күшіне енуі әрбір азамат үшін айрықша мәнге ие тарихи оқиға екенін атап өтті.

Диас Есдәулетовтің айтуынша, жаңа Конституция қоғамның әділеттілікке, ашықтыққа және тең мүмкіндіктерге деген сұранысын айқын көрсетеді. Оның негізінде заңның үстемдігі, адам құқықтарын құрметтеу, биліктің жауапкершілігі, ұрпақтар сабақтастығы және қоғам бірлігі сияқты мемлекет пен халық үшін аса маңызды қағидаттар жатыр. Ол әділетті мемлекет қарапайым әрі түсінікті қағидаттан басталатынын атап өтті, яғни әр азамат тұрғылықты жеріне, мамандығына, жасына немесе әлеуметтік жағдайына қарамастан өзін заңның қорғауында сезініп, өз әлеуетін толық жүзеге асыруға мүмкіндік алуы тиіс.

Атап өтсек, жаңа Конституцияны әзірлеу жөніндегі ұсыныстарды пысықтаумен айналысқан Конституциялық реформа

жөніндегі комиссияның жұмысына Жетісу облысының атынан облыстық мәслихаттың төрағасы Гүлнәр Тойлыбаева қатысқан болатын. Конференцияда сөз сөйлеген Гүлнәр Қожагелдіқызы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен қорытынды отырысында Мемлекет басшысы заң шығарушы органның жоғары миссиясына ерекше тоқталғанын атап өтті. Сонымен қатар ол Конституцияда әділеттілік, «Заң мен Тәртіп», табиғатқа ұқыпты қарау сияқты жаңа құндылықтардың бекітілгеніне назар аударды. Бұл мемлекеттік органдар шешім қабылдау кезінде тек бүгінгі міндеттерді ғана емес, қоғамның ұзақ мерзімді мүдделерін де басшылыққа алуы қажет екенін айқындайды.

Конференция қатысушыларына Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтайдың мүшесі, «Жетісу облысының Азаматтық альянсы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы Дания Қыдырбаева бейнеүндеу арқылы құттықтау жолдады. Ол өз сөзінде жаңартылған Конституция еліміз үшін жаңа құқықтық кезеңнің бастамасы ғана емес, сонымен қатар азаматтық қоғамды дамытуға тың мүмкіндіктер ашатынын атап өтті. Оның айтуынша, бүгінгі таңда мемлекет пен қоғамның бір-бірін тыңдап, маңызды мәселелерді бірлесіп талқылап, халықтың нақты сұранысына сай келетін шешімдер қабылдауының маңызы зор.

Сондай-ақ, жиында облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Өсет Қыдырманов, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің басқарма төрағасы – ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Ермек Бөрібаев, облыс прокурорының орынбаса-

ры Бірлік Ізбасаров, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Жетісу облысы бойынша өкілі Қанат Қарымсақов және басқа да спикерлер сөз сөйледі.

Талқылау барысында қатысушылар теңдік, инклюзия, құқықтық мәдениет, қоғамдық диалог, цифрлық құқықтар және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік т.б. мәселелерге тоқталды. Бұл тақырыптар жаңа Конституциямен тікелей байланысты, өйткені қазіргі заманғы мемлекет баршаға – ерекше қажеттілігі бар азаматтарға, жастарға, түрлі қоғамдық бірлестіктер өкілдеріне, білім, ақпарат және цифрлық технологиялар саласында жұмыс істейтін мамандарға – ыңғайлы, ашық әрі әділетті болуы тиіс.

Осы күні айтылған ойлардың жалпы мазмұны бір арнаға тоғысты: жаңа Конституция күнделікті өмірде нақты жұмыс істеуі тиіс. Ол тек заңгерлерге, мемлекеттік қызметшілерге немесе депутаттарға ғана емес, әрбір адамға қатысты. Яғни, бұл – әр азаматтың әділ қарым-қатынасқа құқығы, сапалы білім алуы, жеке деректерінің қорғалуы, құқықтық көмекке қолжетімділігі, қоғам өміріне қатысу мүмкіндігі.

Конференция соңында Жетісу облысы әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов талқылауды қорытындылап, жаңа Конституцияның күшіне енуі тек құқықтық оқиға ғана емес, сонымен қатар қоғамдық жағырудың маңызды кезеңі екенін атап өтті.

Іс-шара аясында қатысушыларға жаңа Конституцияның арнайы басылымы табысталды.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ**

АУДАН ӘКІМІ ТЫНЫШБАЕВ БЕРІК ТЫНЫШБАЙҰЛЫНЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті аудан тұрғындары!
Сіздерді еліміздің жаңа Конституциясының ресми күшіне енуімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – мемлекетіміздің дамуына жаңа серпін беретін, ел болашағына бағыт-бағдар айқындайтын тарихи маңызы зор күн. Конституция – тәуелсіздігіміздің тұғырын бекемдеп, қоғамдағы тұрақтылық пен бірліктің, заң үстемдігі мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының басты көпірі.

Жалпыұлттық қолдаудың нәтижесінде қабылданған жаңа Ата Заң еліміздегі саяси және әлеуметтік-экономикалық жаңғырудың берік негізін қалады. Оның басты мұраты – Әділетті Қазақстанды қалыптастыру, заң мен тәртіп қағидатын орнықтыру, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, азаматтардың әл-ауқатын арттыру және елдің орнықты дамуын қамтамасыз ету.

Президентіміз айқындаған стратегиялық міндеттерді жүзеге асыру жолында әрбір азаматтың жауапкершілігі мен белсенділігі ерекше маңызды. Туған өлкеміздің өсіп-өркендеуі, ауданымыздың дамуы, тұрғындардың тұрмыс сапасының жақсаруы – бәріміздің ортақ мақсатымыз. Бірлігіміз бен ынтымағымыздың арқасында бұл міндеттерді абыроймен атқарамыз деп сенемін.

Жаңа Конституция еліміздің өркендеуіне, халқымыздың әл-ауқатының артуына қызмет етіп, Тәуелсіз Қазақстанның тұғыры әрдайым биік болсын!
Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс, бақ-береке және елімізге тұрақтылық пен өсіп-өркендеу тілеймін!

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫ СҮЛЕЙМЕНОВ БЕЙБІТ ЖАҢЫЛЫСҰЛЫНЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті аудан тұрғындары!
Сіздерді еліміздің жаңа Конституциясының ресми күшіне енуімен шын жүректен құттықтаймын!

Ата Заңның күшіне енуі – мемлекетіміздің демократиялық даму жолындағы маңызды тарихи белес. Бұл – ел бірлігін нығайтып, заң үстемдігін қамтамасыз етуге, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған маңызды қадам.

Жаңартылған Конституция қоғамның сұранысына сай мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге, халықтың мемлекет ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейтуге және еліміздің тұрақты дамуына берік негіз қалады. Оның басты құндылықтары – әділдік, жауапкершілік, ашықтық және заңға құрмет.

Аудандық мәслихат депутаттары халықтың аманатына адал болып, тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі нығайтуға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыра береді.

Баршамыздың ортақ мақсатымыз – заңды құрметтейтін, бірлігі бекем, болашағы жарқын ел қалыптастыру. Осы жолда әрбір азаматтың белсенділігі мен жауапкершілігі ерекше маңызды.

Осынау айтулы мерекеде баршаңызға зор денсаулық, шаңырақтарыңызға амандық, еңбектеріңізге толағай табыс, елімізге тыныштық пен тұрақты даму тілеймін!
Жаңа Конституция Тәуелсіз Қазақстанның өсіп-өркендеуіне қызмет етіп, мемлекетіміздің мерейі әрдайым үстем болсын!

АУДАН ӘКІМІ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН КӘСІБИ МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Журналистика – қоғам мен билік арасындағы алтын көпір, елдің тыныс-тіршілігін халыққа жеткізіп, қоғамдық пікір қалыптастыратын маңызды сала. Ақпараттың жеделдігі мен нақтылығы, сөздің салмағы мен жауапкершілігі бүгінгі таңда бұрынғыдан да арта түсті. Осындай маңызды міндетті абыроймен атқарып келе жатқан бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің еңбегі әрдайым құрметке лайық.

Кездесу барысында аудан басшысы ауданның қоғамдық - саяси өмірін, әлеуметтік - экономикалық даму көрсеткіштерін, мәдени - рухани жаңалықтарын, ауылдардың тыныс - тіршілігін және ел өміріндегі маңызды оқиғаларды тұрғындарға уақытылы әрі шынайы жеткізуде «Ақсу өңірі» газетінің ұжымының қосып отырған үлесіне ерекше тоқталды.

Берік Тынышбайұлы өз құттықтау сөзінде аудандық басылымның өңір тарихының шежіресін жазып келе жатқан рухани шырақшы екенін атап өтті. Газет беттерінде ауданның жетістіктері, еңбек адамдарының табысы, білім, мәдениет, денсаулық сақтау, ауылшаруашылығы және жастар саясаты салаларындағы оң өзгерістер кеңінен насихатталып келе жатқанын айтып, редакция ұжымының кәсібилігі мен шығармашылық ізденістеріне ризашылығын білдірді.

– Журналистің басты міндеті – ел мен халыққа құрмет ету, ақиқатты арқау етіп, жұртшылыққа шынайы ақпарат ұсыну. Ақпарат кеңістігінде адалдық пен жауапкершілікті ту етіп жүрген Сіздердің еңбектеріңіз әрдайым жоғары бағалауға лайық. «Ақсу өңірі» газетінің

ұжымы насихаттаудың тыныс-тіршілігін кеңінен насихаттап, ел бірлігін нығайтуға, мемлекеттік саясатты түсіндіруге және тұрғындармен кері байланысты қалыптастыруға елеулі үлес қосып келеді, – деді аудан әкімі.

Кездесу барысында ақпарат саласының дамуына, ауданның қоғамдық өмірін жан-жақты насихаттауға және өңірлік журналистиканың өркендеуіне қосқан елеулі үлесі үшін бірқатар бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне

аудан әкімінің «Алғыс хаттары» табысталды. Марапат иелері өздерінің адал еңбегімен, кәсіби шеберлігімен және шығармашылық ізденістерімен ауданның ақпараттық кеңістігінің дамуына үлес қосып жүрген азаматтар.

Шара барысында редакция ұжымы мен аудан басшысы еркін пікір алмасып, қазіргі өңірлік журналистиканың өзекті мәселелері, ақпарат таратудағы жаңа технологиялардың мүмкіндіктері, цифрлық медианың дамуы және аудандық басылымның алдағы шығармашылық жоспарлары жөнінде әңгіме өрбіді. Сонымен қатар, жергілікті ақпарат құралдарының тұрғындармен байланысты нығайтудағы, қоғамдық пікір қалыптастырудағы және ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы рөлі сөз болды.

Бүгінде «Ақсу өңірі» газеті аудан өмірінің айнасына айналған басылым ретінде өңірдің тарихын хаттап, ел ішіндегі игі бастамаларды көпшілікке таныстырып келеді. Газет бетінде ауыл еңбеккерлерінің табысы, білім мен мәдениет саласындағы жетістіктер, жастардың жарқын бастамалары, спортшылардың жеңістері мен қоғамдық маңызы бар мәселелер тұрақты жарияланып, оқырман қауымға сапалы ақпарат ұсынылуда.

Кездесу соңында аудан әкімі шығармашылық ұжымға зор денсаулық, отбастарына амандық, қаламдарына қуат, тың идеялар мен шығармашылық шабыт тіледі. Сонымен бірге, ел мүддесі жолындағы еңбектерінің жемісті болып, оқырман сенімінен әрдайым шыға берулеріне тілектестік білдірді.

Қоғамның дамуы мен елдігеркендеуінде бұқаралық ақпарат құралдарының алатын орны ерекше. Халықтың мұң - мұқтажын жеткізіп, өңірдің жетістіктерін кеңінен насихаттайтын журналистердің еңбегі – үлкен жауапкершілік пен кәсіби адалдықтың көрінісі. Ақпарат майданында абыроймен еңбек етіп жүрген қаламгерлерге көрсетілген бұл құрмет – олардың қоғамдағы маңызды миссиясына берілген лайықты баға.

Гүлім ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ПЛЕНУМЫ: ҰРПАҚ САБАҚТАСТЫҒЫ – БАСТЫ НАЗАРДА



Ақсу аудандық әкімдігінің мәжіліс залында Ақсу аудандық ардагерлер ұйымының кезекті пленумы өтіп, онда ұйымның алғашқы жартыжылдықтағы жұмыстары қорытындыланып, алдағы кезеңге арналған негізгі міндеттер айқындалды. Басқосу барысында ардагерлер қозғалысының қоғамдағы орны, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, жастар тәрбиесі және ұрпақтар сабақтастығын нығайту мәселелері кеңінен талқыланды.

Пленум жұмысына аудан әкімі Берік Тынышбайұлы, аудандық мәслихат төрағасы Бейбіт Жанылысұлы, аудандық ардагерлер кеңесінің мүшелері, ауылдық округ әкімдері, мемлекеттік мекемелердің басшылары, қоғамдық ұйым өкілдері және зиялы қауым қатысты.

Жиынның күн тәртібіне бірнеше өзекті мәселе шығарылып, аудандық ардагерлер ұйымының алдағы қызметінің басым бағыттары белгіленді. Басқосуда аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Айтбаев сөз сөйлеп, кеңестің жаңартылған құрамын көпшілікке таныстырды. Сонымен қатар, 2026 жылдың алғашқы алты айында атқарылған жұмыстарға жан - жақты тоқталып, ұйымның қоғамдық өмірдегі белсенділігі мен жүзеге асырылған жобалары туралы баяндама жасады.

Өз сөзінде кеңес төрағасы ардагерлер ұйымының басты мақсаты – аға буынның өмірлік тәжірибесін ел игілігіне пайдалану, жастарға тәлім-тәрбие беру, қоғамдық тұрақтылық пен бірлікті нығайту екендігін атап өтті. Жыл басынан бері аудан көлемінде түрлі кездесулер, тағылымдық басқосулар, мерекелік және патриоттық іс-шаралар ұйымдастырылып,

ардагерлердің қатысуымен жастар арасында ұлттық тәрбие мен адамгершілік құндылықтарды насихаттау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілгені айтылды.

Пленум барысында кеңес мүшесі Күләйхан Тұрсынбекқызы Дәулетбекова сөз алып, ұйымның алдағы кезеңге арналған жұмыс жоспарын таныстырды. Ол ардагерлер кеңесінің қызметін одан әрі жандандыру, ауылдық бастауыш ұйымдардың жұмысын үйлестіру, жастармен байланысты күшейту және қоғамдық бастамаларды

қолдау мәселелеріне тоқталды. Сондай-ақ алдағы уақытта жүзеге асырылатын мәдени - рухани, әлеуметтік және тәрбиелік бағыттағы жобалар туралы жан - жақты баяндап өтті.

Жиында ерекше назар аударылған мәселелердің бірі – «Ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар» жобасының жүзеге асырылуы болды. Бұл жоба аясында жастардың бойына отансүйгіштік қасиеттерді сіңіру, ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу, үлкенге құрмет,

кішіге ізет көрсету мәдениетін қалыптастыру және тарихи сананы нығайту бағытындағы жұмыстардың маңыздылығы кеңінен сөз болды. Қатысушылар қазіргі қоғамдағы тәрбиелік жұмыстардың өзектілігін атап өтіп, ардагерлердің бұл бағыттағы рөлінің айырықша екенін жеткізді.

Пленум барысында аудан әкімі Берік Тынышбайұлы ардагерлердің қоғамдық өмірдегі белсенділігіне жоғары баға беріп, олардың ақыл-парасаты мен

өмірлік тәжірибесі ауданның дамуына әрдайым оң ықпал етіп келе жатқанын атап өтті. Ол аға буынның жастар тәрбиесіне қосып жүрген үлесі ерекше құрметке лайық екенін айтып, алдағы уақытта да жергілікті атқарушы органдар мен ардагерлер ұйымы арасындағы өзара ынтымақтастық жалғасын табатынын жеткізді.

Кездесу барысында қатысушылар өз пікірлерін ортаға салып, аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстарға қатысты ұсыныстарын білдірді. Әсіресе, жастар тәрбиесі, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, қоғамдық келісімді нығайту, ардагерлердің әлеуметтік белсенділігін арттыру және ауылдық бастауыш ұйымдардың жұмысын жетілдіру жөнінде нақты ойлар айтылды.

Жиын соңында күн тәртібіне енгізілген барлық мәселелер жан-жақты қаралып, тиісті шешімдер қабылданды. Сонымен қатар, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстардың нақты бағыттары белгіленіп, жауапты тұлғаларға бірқатар міндеттер жүктелді.

Ардагерлер ұйымы – қоғамдағы тұрақтылық пен сабақтастықтың алтын көпірі. Елдің өткені мен бүгінін жалғайтын, жас ұрпаққа өнеге болатын аға буынның қоғамдық белсенділігі қай кезде де ерекше маңызға ие. Ақсу ауданында өткен кезекті пленум осы бағыттағы жұмыстардың жүйелі түрде жалғасып жатқанын тағы бір мәрте айқындап, ұйымның ауданның қоғамдық-саяси және рухани өміріндегі орнының маңызды екенін көрсетті.

Сөйтіп, ардагерлер ұйымының қоғамдағы рөлі және пленумда қаралған мәселелер тереңірек ашылды.

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА.

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ – ӘР АЗАМАТТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІНЕН БАСТАЛАДЫ

– Мемлекет басшысының Жаңа Конституцияның заңды күшіне енуіне орай жариялаған үндеуі – еліміздің алдағы даму бағытын айқындайтын маңызды саяси құжат. Президент айтқандай, бұл – шын мәнінде дәуірлік оқиға. Өйткені, Конституцияға енгізілген өзгерістердің бастамашысы да, қолдаушысы да – халықтың өзі болды.

Бүгінде осы реформалардың нәтижесі өңірлерде нақты көрініс тауып келеді. Ақсу ауданында әлеуметтік нысандар салынып, ауылдардың инфрақұрылымы жаңарып, тұрғындардың әлауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар жүйелі жүзеге асырылуда. Мұның бәрі – Конституцияда айқындалған әлеуметтік мемлекеттің нақты жемісі.

Қоғамдық кеңестің басты міндеті – халық пен жергілікті билік арасындағы ашық диалогты дамыту. Бұл бағыттағы жұмыстар Конституцияда бекітілген әділдік пен ашықтық қағидаттарымен толық үндеседі.

Ғабит МҰСАБАЛАНОВ,
аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасы.

КОНСТИТУЦИЯ ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУДЫҢ НЕГІЗІ

Сіздерді Жаңа Конституциямыздың күшіне енуімен құттықтаймын!

Конституциямызда халқымыздың сан ғасырлық арман - тілегі, мақсат - мұраты көрініс тапты. Кең байтақ жеріміздің тұтастығы, еліміздің егемендігі, азаматтардың құқықтары және бостандықтары басты құндылықтар деп жазылды.

Заң мен тәртіпті сақтау, білім мен ғылымды, жаңа технологияларды дамыту, тазалықты дәріптеу, табиғатты қорғау, волонтерлік қызметті қолдау конституциялық міндет ретінде айқындалды.

Жаңа Конституция барлық мемлекеттік және қоғамдық институттың жаңғыруына негіз қалады

және барша халықтың, әсіресе өскелең ұрпақтың адамгершілік және құқықтық бағдары, өмір жолындағы темірқазығы.

Елімізде әрдайым бейбітшілік пен келісім салтанат құрып, бірлігіміз нығая берсін! Әр шаңыраққа амандық, бақ - береке, мол ырыс пен құт - береке тілеймін. Тәуелсіз Қазақстанымыздың тұғыры биік, болашағы жарқын болсын!

К.ДӘУЛЕТБЕКОВА,
Ақсу ауданының «Құрметті азаматы»,
«Құрмет орденінің» иегері.

КОНСТИТУЦИЯ – ҰЛТТЫҢ ҰСТЫНЫ, ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ АЙҚЫН БАҒДАРЫ

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қанатты сөз – қазақ халқының құқықтық санасының ғасырлар бойы қалыптасқан темірқазығы. Даланың дархан төсінде өмір сүрген халқымыз үшін әділдік – елдіктің өлшемі, заңға адалдық – адамдықтың белгісі болды. Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, әз-Тәукенің «Жеті жарғысы» – қазақ қоғамының құқықтық мәдениетінің терең тамырын айғақтайтын тарихи мұралар. Бұл заңдар халықтың тұрмыс-тіршілігін ғана реттеп қойған жоқ, ұлттың бірлігі мен мемлекеттілігінің беріктігін қамтамасыз етті.

Тарихтың осы ұлы сабақтастығы тәуелсіз Қазақстанның Ата заңында өз жалғасын тапты. Конституция – мемлекет өмірінің басты бағдары, елдіктің еңсесін тіктеген, азаматтың құқығын айқындаған ең жоғары заңдық күші бар құжат. Ол – тәуелсіздіктің құқықтық паспорты, мемлекеттің саяси келбеті, халықтың еркін бiлдiретiн ұлы құндылық.

Жаңа Конституциямыздың 1 шiлдеден бастап күшiне енуi Қазақстанның даму тарихындағы жаңа кезеңнің басталғанын көрсеттi. Бұл күн күнтізбедегі

кезектi дата ғана емес. Бұл – халық таңдауының заңдық күшке айналған, мемлекет пен қоғам арасындағы жаңа қоғамдық келісімнің нақты көрінісі болған тарихи белес.

Конституциялық реформалардың басты ерекшелігі – олардың бас-тауында халықтың еркі тұр. Тәуелсіздік жылдарында алғаш рет Ата заңға енгізілген ауқымды өзгерістер бүкіл халықтық дауыс беру арқылы қабылданды. Бұл – демократиялық мемлекет үшін аса маңызды құбылыс. Өйткені Конституция – халықтың өзі қабылдаған заң болғанда ғана оның өміршеңдігі артады.

Конституция – жай ғана құқықтық нормалардың жиынтығы емес. Ол – әр азаматтың тағдырымен астасқан өмірлік құжат. Оның әрбір бабы адамның қадір-қасиетін қорғауға, мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуға бағытталған.

Жаңа редакциядағы Конституцияның негізгі мақсаты – Әділетті Қазақстан құрудың құқықтық негізін қалыптастыру болды. Әділет – қазақ дүниетанымындағы ең қасиетті ұғымдардың бірі. Әділет бар жерде – сенім бар. Сенім бар жерде – тұрақтылық бар. Ал тұрақтылық – дамудың кепілі.

Иә, Ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби: «Ізгі қоғамның негізі – әділет» деген еді. Бұл тұжырым бүгінгі Қазақстан үшін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Заңға бағынған қоғам ғана тұрақты дамуға қол жеткізеді.

Ал, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін» деген екен. Бұл сөздің мәні бүгін бұрынғыдан да терең. Себебі бүгін қабылданған әділ заң ертеңгі ұрпақтың жарқын өмірінің кепіліне айналады. Олай болса бүгінгі шешім дұрыс таңдау.

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының ресми күшіне енуімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – еліміздің демократиялық жаңғыруына тың серпін берген, заң үстемдігі мен әділет қағидаттарын нығайтқан, мемлекетіміздің болашақ дамуына берік негіз қалаған тарихи оқиға. Ата Заң – халқымыздың бірлігі мен тұрақтылығының, тәуелсіздігіміздің және жарқын келешегіміздің мызғымас кепілі.

Ербол СЫМХАНОВ,
"Өмір нұры" ақпараттық қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

"Е-ӨТІНІШ" – МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМ АРАСЫНДАҒЫ АЛТЫН КӨПІР

Бүгінгі таңда Қазақстанда мемлекеттік басқару жүйесін цифрландыру және «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру қарқынды жүріп жатыр. Осы бағыттағы ең ауқымды әрі тиімді жобалардың бірі – «Е-өтініш» (eOtinish) ақпараттық талдау жүйесі. Бұл платформа азаматтардың өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай тетігіне айналды.

Жүйенің басты мақсаты - азаматтар мен заңды тұлғалардың арыз-шағымдарын, ұсыныстары мен өтініштерін қарау үдерісін толық автоматтандыру. Жүйе Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне (ӘРПК) сәйкес жұмыс істейді және мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыруды көздейді.

Бұрын өтініш беру үшін мемлекеттік мекеменің табалдырығын тоздырып, қағазбастылыққа тап болсақ, қазір «Е-өтініш» бұл мәселені біржола шешімін тапты. Өтінішті

кез келген жерден, үйден немесе жұмыс орнынан шықпай-ақ, eGov.kz порталы, eGov Mobile мобильді қосымшасы немесе арнайы eOtinish.kz сайты арқылы жолдауға болады. Әрбір өтінішке бірегей нөмір беріледі. Өтініш иесі өз хатының қай мемлекеттік органға, қай маманның қарауында жатқанын және қаралу мерзімін онлайн режимде бақылай алады. Жауап дайын болғанда, азаматтың телефонына SMS-хабарлама келеді және дайын құжат жеке кабинетке жүктеледі. Егер жауап сапасыз болса, оған қайта шағым түсіру мүмкіндігі қарастырылған.

Жүйе тек халыққа ғана емес, мемлекеттік аппараттың ішкі жұмысына да үлкен оң өзгерістер әкелді. Өтініштерді қарау мерзімдерінің бұзылуына жол берілмейді. Мерзім аяқталуға жақындағанда жүйе автоматты түрде ескерту жасайды. Құжат айналымы толықтай электронды форматқа көшкендіктен, ішкі келісу және басқа мемлекеттік органдарға қайта жолдау

(құзыреттілігіне қарай) үдерісі бірнеше минут ішінде жүзеге асады. Жүйе қай аймақта немесе қай салада (тұрғын үй, жол, әлеуметтік көмек, құқық қорғау т.б.) шағымдардың көп түсетінін талдауға мүмкіндік береді. Бұл мемлекеттік органдарға проблеманың салдарымен емес, себебімен күресуге көмектеседі. «Е-өтініш» жүйесі – бұл жай ғана электронды бағдарлама емес, бұл қоғам мен билік арасындағы ашық, сенімді диалог алаңы. Ол мемлекеттік қызметтің қолжетімділігін арттырып, әрбір азаматтың үнінің естілуін қамтамасыз етеді. Тұрғындардың құқықтық мәдениеті мен цифрлық сауаттылығы артқан сайын, бұл жүйенің қоғам дамуындағы рөлі де өсе бермек.

А.ҚОЖАХМЕТОВА,
Ақсу ауданы әкімдігінің «Ақсу ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маман, іс-жүргізушісі.

● ПРЕЗИДЕНТ ҮНДЕУІНЕ – АҚСУЛЫҚТАРДЫҢ ҮНІ! КОНСТИТУЦИЯ – ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІНЕ БЕРІЛГЕН АМАНАТ

– Қазақ «Елдің іргесі әділдікпен бекиді» дейді. Бұл – ғасырлар бойы өзгермеген ақиқат. Біз сан қилы кезенді бастан өткердік. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиындықтарды да, ел еңсесінің тіктелген уақытын да көрдік. Сондықтан бүгінгі Конституциялық реформалардың мәнін жүректен сезінеміз.

Президент жаңа Конституцияның күшіне енуін тарихи белес деп бекер атаған жоқ. Өйткені бұл – халықтың өз таңдауын жасап, елдің ертеңіне қатысты жауапкершілікті өз мой-

нына алған сәті. Бүгінде Ақсу өңіріне көз салсақ, жаңарған ауылдарды, бой көтерген тұрғын үйлерді, күрделі жөндеуден өткен мектептер мен мәдениет ошақтарын көреміз. Мұның бәрі заңға сүйенген мемлекеттің нақты нәтижесі.

Біз кейінгі ұрпаққа тек байлық емес, заңды құрметтейтін қоғам қалдыруымыз керек. Сонда ғана Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болады.

Амангелді АЙТБАЕВ,
аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ТӘРТІП – ТЫНЫШ ӨМІРДІҢ КЕПІЛІ

– Кейде адамдар полицияның жұмысын тек құқық бұзушылықпен байланыстырады. Шын мәнінде біздің басты міндетіміз – қылмыстың алдын алу, адамдардың қауіпсіз өмір сүруіне жағдай жасау.

Президенттің «Заң мен Тәртіп» қағидаты полиция қызметінің негізгі бағытымен толық үндеседі. Әрбір тұрғын заңға құрметпен қарап, қоғамдық тәртіпті сақтауға үлес қосса, қауіпсіз қоғамды бірге қалыптастырамыз.

Ақсу – бірлігі жарасқан аудан. Осы ауызбіршілікті сақтап қалудың ең сенімді жолы – заңды құрметтеу.

Дидар БАЗАРБАЕВ,
аудандық полиция бөлімінің басшысы,
подполковник.

ЗАҢНЫҢ КҮШІ – АЗАМАТТЫҢ СЕНІМІНДЕ

– Конституция – құқық қорғау органдары үшін қызметтік құжат қана емес, күнделікті жұмысымыздың темірқазығы.

Президент өз үндеуінде Заң мен Тәртіп қағидатын ерекше атап өтті. Бұл ұғымның мәні өте терең. Заңның күші тек жауапкершілікке тартумен өлшенбейді. Оның ең үлкен күші – азаматтың өз құқығы қорғалатынына деген сенімінде.

Бүгінде аудан тұрғындарының

құқықтық сауаттылығы артып келеді. Адамдар заңды көбірек біледі, өз құқығын талап етеді, қоғамдық мәселелерге белсенді араласады. Бұл – Конституциялық реформалардың қоғам санасына ықпал ете бастағанының белгісі.

Ардақ БОДАНБАЕВА,
аудандық прокуратурасының бас маманы.

ҰСТАЗ ТӘРБИЕЛЕГЕН ҰРПАҚ КОНСТИТУЦИЯНЫ ҚҰРМЕТТЕУДЕН БАСТАЙДЫ

– Мектепте біз балаларға Конституцияның баптарын ғана оқытпаймыз. Біз ең алдымен әділ болуды, адал еңбекті бағалауды, өзгенің құқығын сыйлауды үйретеміз. Себебі, заңға құрмет дәл осы қасиеттерден басталады.

Президент жастарға үлкен сенім артып келеді. Ол сенімнің

ақталуы – білім мен тәрбиеде. Ертең ел тағдырын бүгінгі мектеп партасында отырған балалар шешеді. Сондықтан олардың бойында құқықтық мәдениет қалыптастыру – ең маңызды міндеттердің бірі.

Дәуболат НҮСІПОВ,
Ақсу агротехникалық колледжінің директоры.

ДӘРІГЕРДІҢ БАСТЫ МҰРАТЫ – АДАМ ӨМІРІ

– Конституцияда адамның өмірі мен денсаулығы ең жоғары құндылық ретінде белгіленген. Бұл сөз біз үшін күн сайынғы қызметіміздің мәнін айқындайды.

Медицина – тек мамандық емес, аманат. Ауыл тұрғындарының денсаулығын сақтау жолында еңбек етіп жүрген әріптестеріміздің барлығы осы жауапкершілікті терең сезінеді.

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты мен денсаулық сақтау саласына көрсетіп отырған қолдауы халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталған. Бұл – Конституцияда белгіленген әлеуметтік мемлекеттің нақты көрінісі.

Байқадам БОЛАТҰЛЫ,
аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері.

РУХАНИЯТ ПЕН ЗАҢ ҚАТАР ЖҮРГЕН ҚОҒАМНЫҢ БОЛАШАҒЫ БАЯНДЫ

– Конституция – мемлекеттің заңдық тірегі болса, мәдениет – оның рухани тірегі. Осы екі ұғым бір-бірінен ажырамайды.

Біз мәдени іс-шаралар арқылы жастардың бойына ұлттық құндылықтарды, елге деген сүйіспеншілікті, заңға деген құрметті сіңіруге тырысамыз. Президенттің бірлікке, еңбексүйгіштікке және жасампаздыққа шақырған үндеуі мәдениет қызметкерлері

үшін де үлкен жауапкершілік жүктейді. Елдің келешегі ең алдымен оның рухани деңгейімен өлшенеді. Сондықтан мәдениет пен заң қатар өркендеген қоғамның болашағы әрқашан жарқын болады.

Анар СЕРІКОВА,
«Молықбай Байсағұлы» атындағы мәдениет үйінің директоры.

ҚЫЗЫЛАҒАШ, КӨШКЕНТАЛ, МАТАЙ АУЫЛДАРЫНДА ЖАҢА ӨРТ СӨНДІРУ БЕКЕТІ АШЫЛДЫ: ҚАУІПСІЗДІККЕ БАҒЫТТАЛҒАН ИГІ БАСТАМА



Қауіпсіздік – кез келген мемлекеттің тұрақты дамуының, халықтың тыныш өмір сүруінің және елдің ертеңіне деген сенімінің басты кепілі. Әсіресе ауылдық жерлерде төтенше жағдайлардың алдын алу, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және табиғи апаттар кезінде жедел әрекет ету жүйесін жетілдіру – уақыт талабынан туындаған маңызды міндеттердің бірі. Осы бағыттағы игі бастамалардың бірі 26 маусым күні Ақсу ауданының Қызылағаш ауылында жүзеге асып, ел үшін маңызды нысан – жаңғыртудан өткен өрт сөндіру бекеті салтанатты түрде пайдалануға берілді.

Бұл нысан Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің «Ауыл құтқарушылары» ведомстволық бағдарламасы аясында реновацияланып, заманауи талаптарға сай қайта жабдықталды. Бағдарламаның негізгі мақсаты – шапғай ауылдық елді мекендердің қауіпсіздігін күшейту, өрттің алдын алу жұмыстарын жүйелеу және төтенше жағдайлар кезінде жедел әрекет ету мүмкіндігін арттыру. Мемлекет қолға алған бұл бастама ауыл тұрғындарының өмірі мен мүлкін қорғауға бағытталған нақты қамқорлықтың жарқын көрінісі деуге толық негіз бар.

Қызылағаш – табиғаты көркем, еңбеккер халқы бар іргелі ауылдардың бірі. Мұнда ауыл шаруашылығы қарқынды дамып келеді. Мал шаруашылығы мен егіншілікпен айналысатын тұрғындар үшін жаз мезгіліндегі өрт қаупі әрдайым өзекті. Қуаңшылық, аптап ыстық, шабындық пен егістік алқаптардағы өрттің таралу қаупі, сондай-ақ, тұрмыстық өрттердің алдын алу мәселесі әрдайым бақылауда болуы тиіс. Осындай жағдайда ауылда толыққанды жұмыс істейтін өрт сөндіру бекетінің болуы – тұрғындардың қауіпсіздігі үшін аса маңызды.

Жаңғыртудан өткен бекет қазіргі заман талабына сай жабдықталып, өрт сөндірушілердің тәулік бойы сапалы қызмет атқаруына барлық жағдай жасалған. Ғимараттың ішкі бөлмелері жаңартылып, арнайы техникаларды

орналастыруға қолайлы жағдай жасалған. Қызметкерлердің тұрмыстық жағдайына да ерекше көңіл бөлінген. Ең бастысы – кез келген төтенше жағдайға қысқа уақыт ішінде әрекет етуге мүмкіндік беретін материалдық-техникалық база қалыптастырылған.

Салтанатты рәсімге Жетісу облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының бірінші орынбасары Оразалинов Адамбек Жеңісұлы, Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Сабырбаев Амандос Ақышұлы, төтенше жағдайлар қызметінің ардагерлері, сала мамандары, ауыл ақсақалдары, жастар және ауыл тұрғындары қатысты.

Жиын барысында сөз алған құрметті қонақтар елімізде азаматтық қорғау жүйесін дамытуға ерекше көңіл бөлініп отырғанын атап өтті. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтып, ауылдық жерлерде осындай өрт сөндіру бекеттерінің ашылуы төтенше жағдайлардың алдын алудағы маңызды қадам екенін жеткізді.

Шара барысында азаматтық қорғау жүйесін дамытуға, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және төтенше жағдайлардың алдын алу ісіне елеулі үлес қосқан бірқатар азаматтар Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің және Жетісу облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Алғыс хаттары мен марапаттарына ие болды. Бұл – өз ісіне адал, жауапкершілігі жоғары азаматтардың еңбегіне көрсетілген лайықты құрмет.

Рәсімнен кейін қатысушылар жаңартылған өрт сөндіру бекетінің жұмысын танысты. Мамандар арнайы техникалардың мүмкіндіктері, өрт сөндіру құралдарының ерекшеліктері, кезекшілік қызметтің ұйымдастырылуы және төтенше жағдай кезінде атқарылатын жұмыстар жөнінде кеңінен баяндады. Заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген жаңа бекет тек Қызылағаш ауылына ғана емес, оған іргелес орналасқан елді мекендердің тұрғындарына да уақытылы көмек көрсетуге мүмкіндік береді.



Ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекеттің ең маңызды міндеттерінің бірі. Әсіресе ауылдық жерлерде өрт пен өзге де төтенше жағдайлардың алдын алу, тұрғындардың өмірі мен мүлкін қорғау мәселесі ерекше назарда болуы тиіс. Осы бағыттағы жүйелі жұмыстардың нәтижесінде Көшкентал ауылында жаңа өрт сөндіру бекеті пайдалануға беріліп, ауыл өміріндегі маңызды оқиғалардың біріне айналды.

Шараға жиналған жұртшылық жаңа нысанның ауыл игілігіне қызмет ететініне ерекше қуаныштарын білдірді. Өйткені төтенше жағдай кезінде уақытпен санасудың маңызы зор. Өрттің алғашқы минуттарында көрсетілген көмек адам өмірін сақтап қалуға, материалдық шығынның алдын алуға және табиғатқа келетін залалды азайтуға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда Көшкентал ауылында өрт сөндіру бекетінің ашылуы – тұрғындардың әл-ауқаты мен қауіпсіздігіне жасалған нақты қамқорлық.

Салтанатты жиында сөз сөйлеген қонақтар елімізде азаматтық қорғау жүйесін жетілдіру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанын атап өтті. Ауылдық жерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенін айта келе, жаңа бекет өңірдегі төтенше жағдайларға ден қою уақытын едәуір қысқартып, құтқарушылардың жұмысын жеңілдететінін жеткізді.

Сонымен қатар, көпшілік алдында төтенше жағдайлар қызметінің мамандарына зор құрмет көрсетіліп, олардың күнделікті еңбегіне жоғары баға берілді. Себебі, құтқарушы мамандығы – батылдықты, кәсіби шеберлікті, төзімділікті пен жауапкершілікті талап ететін абыройлы қызмет. Тәулік бойы кезекшілікте болатын мамандар қандай жағдай болмасын халыққа көмек көрсетуге әрдайым дайын.

Шара барысында ауыл ақсақалы Жұмахан Молдахметов ақ батасын беріп, жаңа нысанның ел игілігіне қызмет етіп, ауыл тұрғындарының амандығы мен тыныштығын сақтауда маңызды рөл атқаратынына тілектестігін білдірді. Ақсақалдың ақжарма лебізі көпшілікке

көтеріңкі көңіл күй сыйлап, іс-шараның мәнін одан әрі айшықтай түсті.

Қонақтар жаңа өрт сөндіру бекетінің материалдық - техникалық мүмкіндіктерімен танысып, арнайы техникаларды, өрт сөндіру жабдықтарын және қызметкерлерге жасалған жағдайды көрді. Заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген бекет алдағы уақытта тек өрт сөндіру жұмыстарымен ғана емес, түрлі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда да жедел әрекет ететін маңызды орталыққа айналмақ.

Жаз мезгілінде егістік алқаптары мен жайылымдардың көбеюі, құрғақшылық пен аптап ыстықтың жиілеуі өрт қаупін арттыратыны белгілі. Сондықтан мұндай кезеңде кәсіби мамандардың жақын маңда болуы тұрғындардың қауіпсіздігі үшін аса маңызды. Жаңа бекет осы тұрғыдан ауылдың қорғаныс қабілетін күшейтіп, қауіптің алдын алу бағытындағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге мүмкіндік береді.

Бүгінде төтенше жағдайлардың алдын алу тек құтқарушылардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндетіне айналып отыр. Осы мақсатта жаңа бекет мамандары тұрғындар арасында өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіру, профилактикалық кездесулер өткізу, балалар мен жастарға қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру бағытында да тұрақты жұмыстар жүргізетін болады.

Көшкентал ауылында пайдалануға берілген жаңа өрт сөндіру бекеті – елдің қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған мемлекеттік қолдаудың нақты көрінісі. Бұл нысан ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын толықтырып қана қоймай, тұрғындардың ертеңгі күнге деген сенімін арттыра түседі.

«Қауіптің алдын алған – апаттың бетін қайтарған» деген халық даналығы бүгінгі күннің талабымен толық үндеседі. Сондықтан жаңа өрт сөндіру бекетінің ашылуы – бір ауылдың ғана емес, тұтас өңірдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы маңызды қадам. Осындай игі бастамалар көбейе берсе, ауылдардың тыныс-тіршілігі жанданып, халықтың бейбіт өмірі қауіпсіз өмір сүруіне берік негіз қаланады.

Өрт – тілсіз жау. Оның қашан, қай жерде тұтанатынын ешкім болжай алмайды. Сондықтан қауіптің алдын алу, алғашқы минуттарда жедел әрекет ету және кәсіби мамандардың шұғыл қызметі адам өмірін сақтап қалуда шешуші рөл атқарады. Статистика көрсеткендей, өрттің алғашқы он - он бес минутында көрсетілген көмек оның ауқымды апатқа айналуына жол бермейді. Міне сондықтан да ауданымызда осымен үшінші өрт сөндіру бекеті ашылып отыр. Иә, ауданымыздағы ең ыстық, ең ірі елді - мекеннің бірі Матай ауылындағы жаңа өрт сөндіру бекетінің іске қосылуы – өңірдің қауіпсіздік әлеуетін арттыратын маңызды инфрақұрылымдық жоба болды.

Бүгінде төтенше жағдайлар қызметкерлерінің міндеті тек өрт сөндірумен ғана шектелмейді. Олар табиғи апаттар, сутасқыны, дауыл, жол - көлік оқиғалары мен түрлі авариялық жағдайларда да халыққа көмек көрсетіп келеді. Сондай-ақ, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға ерекше үлес қосуда. Бұл қызметтің артында үлкен жауапкершілік, жоғары кәсібилік пен тәулік бойғы дайындық жатыр.



«Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы ауылдық жерлердегі қауіпсіздік деңгейін жаңа сатыға көтеруге бағытталған маңызды мемлекеттік жоба екенін

уақыттың өзі дәлелдеп келеді. Осындай бекеттердің ашылуы ауыл тұрғындарының бойында сенімділік қалыптастырып қана қоймай, жастарды

құтқарушы мамандығына қызықтыруға, азаматтық қорғау ісінің беделін арттыруға да ықпал етеді.

Матай ауылындағы жаңа өрт сөндіру бекетінің пайдалануға берілуі – ел қауіпсіздігі жолындағы жүйелі мемлекеттік саясаттың нақты нәтижесі. Бұл – ауыл халқының тыныштығын күзететін, төтенше жағдайлардың алдын алуға және адам өмірін сақтауға қызмет ететін маңызды нысан. Осындай игі жобалар көбейген сайын ауылдардың қауіпсіздігі нығайып, тұрғындардың ертеңгі күнге деген сенімі де арта түсері сөзсіз.

Қазақ халқында «Сақтансаң – сақтаймын», - деген тағлымды сөз бар. Бұл нақыл бүгінгі күні де өз маңызын жойған жоқ. Қауіпсіздікке салынған әрбір инвестиция – адам өміріне салынған инвестиция. Ал, Матайдағы жаңа өрт сөндіру бекеті – осы қағиданың жарқын дәлелі. Ел тыныштығын күзететін құтқарушылардың еңбегі әрдайым құрметке лайық, ал олардың жұмысын жеңілдететін осындай заманауи нысандар халқымыздың амандығына қызмет ете беретіні анық.

Арнайы бетті дайындаған
Ербол СЫМХАНОВ

● **ЖАЗУШЫ, ДРАМАТУРГ Т.ҚАЛИЛАХАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 110 ЖЫЛ!**

ЕЛІНЕ ЕҢБЕГІ СІҢГЕН ТҮЛҒА



мәдениетін жан - жақты сипаттайтын зерттеу ретінде белгілі. Сонымен қатар, ол тарихи тұлғалар туралы деректі шығармалар жазып, ұлттық сананы жаңғыртуға үлес қосты. Ғалымның зерттеулері халқымыздың рухани мұрасын тереңірек танып - білуге мүмкіндік береді. Ол тарихи деректерді жинақтап, оларды ғылыми тұрғыдан саралап, оқырманға түсінікті тілмен жеткізе білді.

Т.Қалилаханов – қазақ халқының рухани байлығын зерттеп, оны келешек ұрпаққа жеткізуге үлкен еңбек сіңірген көрнекті тұлға. Оның еңбектері әрдайым өз құндылығын жоғалтпайды және ұлттық тарихымызды тануда маңызды орын алады. Оның шығармалары ұлттық мұраны сақтауға және келер ұрпаққа жеткізуге бағытталған маңызды рухани қазына болып табылады.

**Назира АУБАКИРОВА,
Барлыбек Сырттанов ауылдық
кітапханасының кітапханашысы.**

Барлыбек Сырттанов ауылдық кітапханасында жазушы, драматург Т.Қалилахановтың туғанына 110 жыл толуына орай "Еліне еңбегі сіңген тұлға" тақырыбында тұлға сағаты өтті. Т.Қалилаханов – қазақ халқының тарихы мен мәдени мұрасын зерттеуге елеулі үлес қосқан тарихшы, этнограф, жазушы. Ол өзінің

еңбектерінде қазақ халқының шығу тегі, ұлттық құндылықтары, тарихи тұлғалары мен рухани мұрасы туралы маңызды мәселелерді көтерді. Ғалымның шығармашылық қызметі тарихи зерттеулермен қатар көркем әдебиетті де қамтиды. Оның «Қазақнама» атты көптомдық еңбегі қазақ тарихын, этнографиясын және

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ – ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІМІ

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Бұл бағытта заңнамалық негіздер жетілдіріліп, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру, цифрландыруды дамыту, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету бойынша ауқымды жұмыстар атқарылуда. Мұндай шаралардың басты мақсаты – азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы қарым - қатынасты барынша ашық әрі әділ қалыптастыру.

Мемлекеттік қызметтің басты қағидаттарының бірі – халыққа адал әрі сапалы қызмет көрсету. Әрбір мемлекеттік қызметші өзіне жүктелген міндеттерді заң талаптарына сәйкес, әділдік, ашықтық және кәсібилік қағидаттарын басшылыққа ала отырып орындауға міндетті. Сонымен қатар қызметтік әдеп нормаларын сақтау, жеке мүддені мемлекеттік мүддеден жоғары қоймау және қызметтік өкілеттіктерді жеке пайда үшін пайдаланбау – мемлекеттік қызметшінің негізгі жауапкершілігі болып табылады.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің қызметі азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғауға, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алуға және олардың салдарын жоюға бағытталған. Бұл салада қабылданатын әрбір шешімнің заң талаптарына сай болуы ерекше маңызды. Себебі төтенше жағдайлар саласында әділдік пен жауапкершіліктің сақталуы адамдардың

қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді.

Осыған байланысты аудандық төтенше жағдайлар бөлімінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселесіне ерекше назар аударылады. Қызметкерлер арасында тұрақты түрде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары, мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормалары мен қызметтік тәртіп қағидалары түсіндіріледі. Сонымен қатар ұжымда ашықтық, адалдық және өзара жауапкершілік қағидаларын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар тұрақты негізде ұйымдастырылып келеді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек жазалау шараларымен ғана шектелмеуі тиіс. Ең тиімді тәсіл – оның алдын алу, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа мүлдем тәзбеушілік мәдениетін қалыптастыру. Бұл ең алдымен әрбір азаматтың құқықтық сауаттылығын арттырудан, заң талаптарын құрметтеуден және азаматтық жауапкершілікті күшейтуден басталады. Егер қоғамның әрбір мүшесі заң талаптарын сақтап, заңсыз әрекеттерге бейжай қарамаса, сыбайлас жемқорлықтың деңгейін айтарлықтай төмендетуге болады.

Бүгінде мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі электрондық форматқа көшірілді. Бұл қызмет көрсету барысында адам факторын азайтып, рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Цифрлық технологияларды енгізу мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетудің де тиімді құралына айналды.

Әрбір азамат заң алдында тең және өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға құқылы. Егер азаматтар қызмет көрсету барысында заң бұзушылықтарға немесе сыбайлас жемқорлық белгілеріне тап болса, мұндай жағдайларды жасырмай, тиісті уәкілетті органдарға хабарлауы қажет. Қоғамның белсенді ұстанымы мен азаматтық жауапкершілігі сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда маңызды рөл атқарады.

Төтенше жағдайлар саласында қызмет атқаратын әрбір маман халықтың қауіпсіздігі мен сенімін бас-ты құндылық ретінде қабылдайды. Сондықтан кәсіби біліктілігін қатар адалдық, әділдік, жауапкершілік және заңға құрмет көрсету – әрбір қызметкердің күнделікті жұмысының ажырамас бөлігі болуы тиіс. Бұл қағидалар ұжымда ғана емес, жалпы қоғамда орныққан кезде ғана сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес өз нәтижесін береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – бұл бір реттік науқан емес, үздіксіз жүргізілетін маңызды жұмыс. Әділ қоғам құру жолында мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның, әрбір тұрғынның бірлескен күш-жігері қажет. Адал еңбекке, заң үстемдігіне және қоғамдық жауапкершілікке негізделген орта ғана еліміздің тұрақты дамуына және халықтың әл-ауқатының артуына берік негіз бола алады.

**Медет ЕРКИНОВ,
Ақсу ауданы Төтенше жағдайлар
бөлімінің аға анықтаушысы,
Азаматтық қорғау майоры.**

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН – ЖАЗ ОЙЛА!



Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

Алдағы 2026 - 2027 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне байланысты жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының, қысқаруына әкеп соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің, жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

СПОРТТЫҚ РАЗРЯДТАР МЕН БІЛІКТІЛІК САНАТТАРЫН БЕРУ: АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Соның бірі – спортшыларға спорттық разрядтар мен жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушы-спортшыларға және спорт төрешілеріне біліктілік санаттарын беру жөніндегі мемлекеттік қызмет.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2025 жылғы 2 қыркүйектегі №168 бұйрығымен мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар жаңартылды.

Мемлекеттік қызметті кім көрсетеді?

Қызметті аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, республикалық маңызы бар қалалар мен астанадағы аудандар әкімдері көрсетеді.

Қандай разрядтар мен санаттар беріледі?

Мемлекеттік қызмет аясында:

- II және III спорттық разрядтар;
- I, II және III жасөспірімдер спорттық разрядтары;
- жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы және жаттықтырушы-оқытушы біліктілік санаттары;
- жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер біліктілік санаттары;
- жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы біліктілік санаты;
- спорт төрешісі біліктілігі беріледі.

Қызметті қалай алуға болады?

Өтінішті екі тәсілмен беруге болады:

- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы;
- электрондық үкімет порталы арқылы.

Портал арқылы өтініш беру үшін өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы (ЭЦҚ) болуы қажет.

Қызмет көрсету мерзімі Мемлекеттік қызмет 10 жұмыс күні ішінде көрсетіледі. Құжаттардың қабылдауды күту уақыты – 15 минуттан, ал қызмет көрсету уақыты да 15 минуттан аспайды.

Қызмет құны

Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

Қандай құжаттар қажет?

Қажетті құжаттар өтініш берушінің санатына байланысты ерекшеленеді.

Спортшылар өтінішпен бірге спорт ұйымының қолдауатын және жарыстардың ресми хаттамаларын ұсынады. Бұл құжаттар спорттық разряд талаптарының орындалғанын растайды.

Жаттықтырушылар мен жаттықтырушы-оқытушылар білім туралы құжаттарын, еңбек өтілін растайтын құжаттарды, бұрын берілген біліктілік санаты туралы бұйрықтың көшірмесін, спортшыларды даярлау жөніндегі анықтаманы және жарыс хаттамаларын тапсырады.

Әдіскерлер кәсіби білімі туралы дипломын, еңбек қызметін растайтын құжаттарын және бұрынғы біліктілік санаты туралы бұйрықтың көшірмесін ұсынады.

Нұсқаушы-спортшылар білім туралы құжаттарын, еңбек қызметін растайтын құжаттарын және спорт федерациясының немесе жұмыс беруші ұйымның қолдауатын тапсырады.

Спорт төрешілері төрешілік қызметін растайтын анықтаманы немесе жарыс хаттамаларын ұсынады.

Электрондық үкімет порталы арқылы өтініш берген жағдайда құжаттар электрондық форматта жолданады, ал жеке басты қуәландыратын мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйелерден автоматты түрде алынады.

Қандай жағдайда қызмет көрсетуден бас тартылады?

Мемлекеттік қызмет көрсетуден мынадай жағдайларда бас тартылады:

- ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің жалған немесе дұрыс еместігі анықталса;
- өтініш беруші немесе ұсынылған құжаттар заңнама талаптарына сәйкес келмесе;
- соттың заңды күшіне енген шешімімен азаматтың тиісті арнайы құқығы тоқтатылған болса;
- заңнамада көзделген жағдайларда дербес деректерге қол жеткізуге келісім берілмесе.

Азаматтарға арналған маңызды мәлімет

Портал арқылы өтініш тәулік бойы қабылданады. Егер өтініш жұмыс уақытынан кейін немесе демалыс және мереке күндері берілсе, оны қарау келесі жұмыс күні басталады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша кеңесті 1414 бірыңғай байланыс орталығы немесе 8 800 080 7777 телефондары арқылы алуға болады.

Спорттық разрядтар мен біліктілік санаттарын уақытылы рәсімдеу – спортшылар мен спорт саласы мамандарының кәсіби дамуының маңызды кезеңі. Мемлекет бұл қызметті қолжетімді, ашық әрі ыңғайлы форматта ұйымдастырып, азаматтардың уақытын үнемдеуге және құжаттарды рәсімдеу рәсімін жеңілдетуге мүмкіндік жасап отыр.

**Ержан ТОҒАСОВ,
аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің маманы.**

"АҚСУ Өңірі"

Меншік иесі - ЖШС

"Ақсу өңірі" газеті

Құрылтайшы, директор -

бас редактор

ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ

ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан

Республикасы

Инвестициялар және

Даму Министрлігі

Байланыс,

ақпараттандыру және

ақпарат комитеті

2015 жылғы 16 қараша

айында есепке қойылды.

Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция өңделеді, авторға қайтарылмайды.

Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет,

жұма күні шығады.

БІЗДІҢ

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Жетісу облысы, Ақсу

ауданы, Жансүгіров ауылы,

Желтоқсан көшесі, №5 "В",

аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488

Осы шығарылымның

таралымы 1899



Директор - бас редактор

- 2-12-90,

жауапты хатшы

- 2-12-90.



Электрондық пошта:

aksuoniri@mail.ru

Газеттің ресми сайты

aksuoniri.kz

Индекс: 65750

Офсеттік басылым көлемі 26 т.